Кластерлік бастамалардың дамуы қайта өңделетін ауыл шаруашылығы шикізатының өнімін экспорттау көлемін 2 еседен артық өсіруге мүмкіндік береді.

2007-2009 жылдары шаралар кешенін өткізу және мынадай шаралар кешенін қабылдау жоспарланып отыр.

Астықты қайта өңдеу кластері:

астықты қайта өңдеудің экспорттық әлеуетін арттырудың мемлекеттік стратегиясын әзірлеу;

астықты терең қайта өңдеу өнімдерінің қазақстандық ортақ брендин құру;

экспорттаушылар - астықты қайта өңдеушілер қауымдастығын құру;

астықты экспортқа сату жөніндегі қызметті лицензиялау;

экспорттаушыларға жеңілдетілген кредит беру, шикізат және дайын өнімді тасуға жеңілдетілген тарифтер, экспорттық жеткізуге мемлекеттік кепілдік беру;

кұрғақ дән маңызы мен биоэтанолды қоса алғанда, бидай астығын терең қайта өңдеуді дамыту;

астықты қайта өңдеу зауытын салу;

ТМД-ға, ЕурАзЭҚ-қа және БЭК-қа мүше мемлекеттер аумағында экспорттың инфрақұрылымын бірлесе дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерін қамқорлыққа алу саясатын жүргізу;

ауыл шаруашылығы және оның қайта өңдеу өнімдерін өткізу нарықтарын кеңейту жөнінде Қазақстан Республикасының, әсіресе Қытайдағы, Ауғанстандағы, Пәкістандағы, Египеттегі шетелдік мекемелерін жандандыру;

"Ақ Бидай Терминал" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту және Ақтау портындағы астық терминалын тиеу құрылғысын ауыстыру;

Ақтау қаласында ұн тарту кешенін салу;

"Астық Қоймалары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің N 2 Нан базасынан астықты сақтау кешенін сатып алу;

Баку (Әзірбайжан) және Амирабад (Иран) порттарында астық қабылдау терминалдарын және ұн тарту кешендерін салу, сондай-ақ Поти (Грузия) портында астық терминалын салу.

Жеміс-көкөніс кластері

таза сортты егу материалдары мен тұқым өсіру үшін жеміс тұқым бақтарын және тұқым шаруашылығын қайта қалпына келтіру және дамыту жөніндегі шараларды әзірлеу;

азық-түлік құрал-жабдықтары сертификаттарын тану рәсімін оңайлату;

жеміс-көкөніс дақылдарын өндіру және қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар үшін техника және құрал-жабдықтар лизингін кредиттеу;

жеміс-жидек дақылдарының көп жылдық екпе ағаштарын және жүзім егу жөніндегі, жеміс-жидек дақылдарының қайта өңдеуге жарамды сорттарын өндіруді арттыру жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік қолдау шараларын әзірлеу.

Сүт кластері

мал шаруашылығы бойынша орташа және ірі субъектілерді құру және осы үшін ауыл шаруашылығы құрылымдарының және бюджеттік субсидиялардың қаражатын кешенді пайдалану;

Қостанай облысының ауылдық округтарында малдың түрлерін аудандастыру бағыты бойынша базалық шаруашылықтар құру;

облыстық бюджет қаражатынан асыл тұқымды мал бастарын сатып алуды субсидиялау;

жұқпалы аурулы малдарды залалсыздандыру ережесін сақтамағаны үшін иелерден заңнама деңгейінде құқықтық жауапкершілікті талап ету;

машинамен сауу және оның бастапқы салқындатылған сүтті жинау пункттерін ұйымдастыру; шикізат пен дайын өнімнің сапасын бақылайтын зертханалық базаларды, олардың техникалық қайта жарақтандыруын дамыту;

қазіргі технологиямен құрама жем зауытын салуға инвестицияларды тарту;

жемшөп өндіру жөнінде өңірлік бағдарламаны әзірлеу;

жеке ауладағы мал басы үшін қолдан ұрықтандыратын қосымша пункттерді ашу.

Туризм

Туризм саласындағы 2007-2009 жылдарға арналған басты мақсат экономикалық өсуге жәрдемдесу және халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру үшін елдің бәсекеге қабілетті туристік индустриясын дамыту болып табылады.

Отандық туризмнің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін оны мемлекет экономикасының табысты секторына айналдыру және туризмнің рентабельдігі жоғары индустриясын құру мақсатында 2006 жылы мынадай міндеттерді шешу қажет:

туристік саланың нормативтік құқықтық базасын және оны іске асыру тетігін одан әрі жетілдіру;

Дүниежүзілік туристік ұйыммен сындарлы және өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту және Қазақстанның аталған ұйым өткізетін іс-шараларға қатысуын, сондай-ақ оларды республикада өткізуді қамтамасыз ету;

туризм саласындағы ынтымақтастық туралы 26 қол қойылған халықаралық келісімді іске асыруды жалғастыру және әзірленген 10-ын қол қоюға дайындау;

Қазақстанның ірі халықаралық туристік көрмелер мен жәрмеңкелерге қатысуын қамтамасыз ету.

Туристік саланы дамыту міндеттерін шешу және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін 2007-2009 жылдар аралығы кезеңінде мынадай іс-шараларды орындау көзделген:

саланы дамытудың экономикалық және құқықтық тетіктерін әзірлеу;

туризмнің инфрақұрылымын және шектес мемлекеттермен бірлесіп, халықаралық туристік бағыттарды дамытуды көздейтін жобаларды әзірлеу, инвестициялау және іске асыру;

қонақ үй және туристік қызметтер ұсыну саласында ISO 9000, ISO 14000 бойынша халықаралық сапа стандарттарын енгізу;

"Менің Отаным - Қазақстан" жобасын іске асыруға, сондай-ақ экскурсия жүргізуші, жолбасшы ретінде туризмнің белсенді түрлерін ұйымдастыру кезінде жастарды кеңінен тартуды қамтамасыз ету;

шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, туризм саласында және қызмет көрсету саласында халықтың жұмыспен қамтылуын ынталандыру жөніндегі шараларды қамтамасыз ету;

Туризм саласын кластерлік дамытуды қамтамасыз ету мақсатында 2007 жылы Астана қаласында, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарында, 2008 жылы - қалған өңірлерде туристік кластерлерді құру жоспарлары мен оларды дамыту жөніндегі мастер-жоспарларды әзірлеу.

Туризммен аралас салаларды дамытуға негізделген осы шараларды кешенді іске асыру жағдайы және инвестициялық белсенділікті ынталандыру кезінде келу және ішкі туризм көлемінің тұрақты өсуі қамтамасыз етіледі.

2007-2009 жылдар аралығы кезеңінде туристік ұйымдар мен бағыттар, туризмнің инфрақұрылымы, туристік саланың статистикасы жөніндегі мемлекеттік дерекқорды біріздендіру жоспарланып отыр.

Көлік-логистикалық қызметтер

"Көліктік логистика" пилоттық кластерін жасау мен дамыту жөніндегі жоспарға сәйкес Қытай-Қазақстан-Еуропа бағытында үздіксіз контейнерлік автотасымалдауды ұйымдастыру арқылы "Жаңа Еуразиялық Автокөлік Бастамасы (NELTI)" жобасын іске асыру көзделіп отыр. Жоба шеңберінде Бақты көлік-логистикалық орталығын салу, шекаралық автокөліктік өткізу пунктіннің өткізу қабілетін ұлғайту, Қазақстанда ауыр жүк автомобильдерін жинауды ұйымдастыру және осы заманғы жүк автомобильдерін лизингке сатып алу көзделіп отыр.

Алдағы кезеңде қызметтердің кең тізбесін ұсына отырып, халықаралық деңгейдегі стандарттарға сай келетін телекоммуникациялық және жүк қайта өңдеу жабдығымен жарақтандырылған "Астана-Келісім-шарт" акционерлік қоғамының қолданыстағы контейнерлік терминалының базасында Алматы қаласында осы заманғы көлік-логистикалық орталық құру және дамыту жөніндегі жұмыс аяқталатын болады.

Бұдан басқа, Ақтау портында және Достық станциясында көлік-логистикалық орталықтарын құру жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады.

Мұнай-химия саласын дамыту

2007-2009 жылдары экономиканың отын-энергетика және өндіруші секторының тиімділігінің деңгейі мен экономикалық қайтарымын жоғарылату, сондай-ақ мұнай-химия өндірісін құру мен дамыту үшін:

Қазақстанда таяудағы он жылда көмірсутегі шикізатын тереңдете өңдеуді және қосылған құны жоғары өнімдерді шығаруды қамтамасыз ететін мұнай-химия өндірісін дамытудың кешенді Бас жоспарын нақты іске асыруға кірісу;

Мұнай-химия өнеркәсібін дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасының екінші кезеңін іске асыру;

базалық мұнай-химия өнімдерін де, сонымен бірге қосымша құны жоғары өнімдерді де шығару өндірісі жөніндегі құрылыс жобаларын іске асыруға мүмкіндік беретін " Атырау облысындағы ұлттық индустриалдық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағын (АЭА) қалыптастыру;

АЭА шеңберінде Атырау облысында Теңіз, Қашаған, және Солтүстік Каспий (кешеннің құрылысын бастау 2007 жылға жоспарланған) базалық мұнай-химия өнімдерін (полиэтилен, полипропилен, полистирол, этилбензол және т.б.) алу бойынша алғашқы ықпалдастырылған мұнай-химия кешені құрылысының жобасын іске асыру;

мұнай-химия өндірістерінің құрылысы мен кеңейтудің инвестициялық жобаларының ТЭН-ін әзірлеу және іске асыру (Атырау МӨЗ-ында бензол алу, жол битумын өндіру, хош иісті қосылыстарды шығару жөнінде өндірісті жасау);

шина ("Инкомтайр" АҚ) және резинатехникалық бұйымдар өндірісін (Қарағанды және Сараньрезинатехника), Ақтау пластмасса зауытында полистирол өндірісін және т.б. отандық шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі жобаларды әзірлеу жоспарланып отыр.

2007-2009 жылдары инновациялық технологиялар мен қондырғылар негізінде қосылған құны жоғары бәсекеге қабілетті мұнай-химия өнімінің кең гаммасын шығару жөніндегі мұнай-химия өндірісін салу үшін арнайы экономикалық жағдай жасау, әлеуетті отандық және шетелдік инвесторларды тарту бойынша жұмыстар жалғасатын болады.

Мұнай-химия өндірістерін құру 2010 жылға қарай мына өнімдерді шығаруды жолға қоюға мүмкіндік береді: жыл сайын этилен - 820 мың тонна, тығыздығы төмен желілік полиэтилен және тығыздығы жоғары полиэтилен - 400 мың тонна, тығыздығы төмен полиэтилен - 400 мың тонна, полипропилен - 400 мың тонна. Базалық мұнай-химия өнімдері негізінде олардан одан әрі түрлі өнім өндіру жөніндегі кәсіпорындар құрылатын болады (пластик құбырлар, құрылыс материалдары, түрлі мақсаттағы үлдірлер, химиялық талшықтар, халық тұтынатын тауарлар және т.б.).

АЭА мұнай-химия объектілерін салу нәтижелері және жоғарыда келтірілген барлық инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша Атырау облысында энергиямен сумен

қамтамасыз етуді, көлікті, коммуникацияны және әлеуметтік инфрақұрылымды қамтитын өндірістік инфрақұрылым, сондай-ақ жаңа жұмыс және инженерлік орындар (шамамен 50 мың) құрылатын болады.

Инновациялық инфрақұрылымды дамыту

Инновациялық инфрақұрылымды дамытудың негізгі мақсаты отандық, сондай-ақ шетелдік ғылыми әлеуетті және технологияларды пайдалану негізінде бәсекеге қабілетті түпкі өнім құруды қамтамасыз ететін ашық үлгідегі инновациялық жүйе қалыптастыру болып табылады.

Ұлттық инновациялық жүйені дамыту екі негізгі бағытты көздейді - бұл инновациялық инфрақұрылымды құру мен дамыту және инновациялық қызмет субъектілері арасындағы қатынастардың тиімді жүйесін құру.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмысты коммерцияландыру тетігінің тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайды қамтамасыз ету мақсатында инновациялық инфрақұрылым құру шеңберінде "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамы, жеке меншік венчурлік қорлар желісі, ұлттық және өңірлік технопарктер желісі құрылды.

2007-2009 жылдары технопарктердің физикалық инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жұмыс жалғасатын болады. Технологиялық толықтыру, технопарктерде іске асыру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу жөніндегі, технопарктерде зертханалық кешен, сертификаттау және білім беру орталықтарын құру жөніндегі жұмыс жүргізіледі.

"Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамының алты отандық және үш шетелдік венчурлік қоры құрылды;

"Әрекет" жоғары технологиялар қоры "Тұран Әлем Секьюритис" компаниясымен бірлесіп;

"Lancaster Group" акционерлік қоғамымен "Адвант" венчурлік қоры;

"Сентрас венчурлік қоры" тәуекелдік инвестициялау акционерлік инвестициялық қоры "Сентрас Капитал" ЖШС-мен бірлесіп;

"Center Capital" тәуекелдік инвестициялау акционерлік инвестициялық қоры "Центр Кредит Банк" акционерлік қоғамымен бірлесіп;

"Halyk Private Equity" акционерлік қоғамы "Қазақстан халықтық жинақ банкі" акционерлік қоғамымен бірлесіп;

"Glotur Technology Fund" акционерлік қоғамы "Glotur" акционерлік қоғамымен бірлесіп құрылды.

Талдау нәтижелері бойынша үш жетекші шетелдік венчурлік қор (Ұлттық инновациялық қордың акционері ретінде қатысатын) таңдалды:

"Wellington Partners Ventures III Technology Fund L.P." еуропалық технологиялық венчурлік қоры;

Орталық Азиялық шағын кәсіпорындарды қолдау қоры (CASEF);

"Flagship Ventures Fund 2004, L.P." венчурлік қоры.

Ұлттық инновациялық қор Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ аумағында технологиялық бизнес-инкубатор құру жөніндегі жобаны қаржыландырып отыр.

Қазақстан-Британ университетімен, Шымкент қаласының М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетімен, Астана қаласының Еуразия ұлттық университетімен бірлесіп, технологиялық бизнес-инкубаторлар құру жоспарланып отыр.

Ақпараттық технологиялар паркі

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 18 тамыздағы N 1116 Жарлығымен Алматы қаласының маңындағы Алатау кентінде "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағы құрылды.

"JURONG Consultants Pte Ltd" компаниясы "ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын дамытудың тұжырымдамасы мен мастер-жоспарын әзірледі.

Тұжырымдамада зерттеу, өндірістік, институционалдық, тұрғын үй, коммерциялық кешендерді, Өзара іс-қимыл орталықтарын және көрме орталықтарын қамтитын аралас ақпараттық-технологиялық парк құру көзделіп отыр.

Даму мастер-жоспарында "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын дамытудың бас және қаржы жоспарын жобалау және әзірлеу ұйғарылып отыр. Халықаралық талаптарға сәйкес жарақтану мен жайлылықтың жоғары деңгейімен ғылыми-техникалық және өнеркәсіптік әлеуетті шоғырландыруды қамтамасыз ететін осы заманғы өнеркәсіп кешенін құру көзделіп отыр.

Ядролық технологиялар паркі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 тамыздағы N 832 қаулысымен "Ядролық технологиялар паркі" технопаркін жарғылық капиталына мемлекет 100 пайыз қатысатын "Ядролық технологиялар паркі" акционерлік қоғамы басқаратын компания құрылды.

Ядролық энергетикада қазақстандық тауарлар мен қызметтердің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін қолдаудың тұтас жүйесін қалыптастыру үшін Ядролық технологиялар паркінде перспективада өндіруші және қайта өңдеу кәсіпорындарында озық ұстанымдарды қамтамасыз ететін дербес инновациялық технологиялық база қалыптасады.

2006 жылы технопаркінің әкімшілік-өндірістік секторының ғимараттарын салуға, Курчатов қаласындағы сыртқы инженерлік және коммуникациялық желілерді, кірме жолдарды қалпына келтіру және жөндеуге кірісу жоспарланып отыр.

Ғылымды, технологиялар мен инновацияларды дамыту

Ғылым мен инновацияларды дамыту саласындағы басты мақсат ғылыми-техникалық қызметті инвестициялық сипаттағы серпілісті жобаларды әзірлеуге және іске асыруға шоғырландыру болып табылады.

2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясының басымдықтарына сәйкес ғылыми зерттеулер алдағы 2007-2009 жылдары ресурс үнемдеуші және экологиялық таза технологияларды әзірлеуге, экономиканың шикізаттық бағытталуынан ауытқуға, өндірістік кәсіпорындардың экспортқа бағдарлануын жоғарылатуға және өндірісті әртараптандыруға (биотехнологияны, мұнай-химияны, ядролық технологияны, ғарыштық технологияны, жаңа материалдар мен наноматериалдарды дамыту, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу) бағытталады.

Қойылған бағыттарды іске асыру үшін ғылыми әлеует пен инновацияларды тиімді пайдалану негізінде ел экономикасының орнықты дамуы үшін институционалдық, ұйымдық, қаржылық, кадрлық және нормативтік құқықтық жағдайды қамтамасыз ету қажет.

Осыған байланысты бірінші кезектегі міндеттер:

Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру;

Ғылымды дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу;

технологиялар трансферті жүйесін дамыту;

шағын инновациялық кәсіпорындарды дамыту мен қолдаудың нәтижелі тетіктерін құру;

инновациялық кәсіпкерлік саласында кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін құру;

инновациялық кәсіпкерлікті ақпараттық қолдауды дамыту;

инновациялық дамудың бірыңғай ақпараттық жүйесін құру;

отандық және шетелдік капитал қатысатын венчурлік қаржыландыру жүйесін қалыптастыру арқылы ұлттық инновациялық жүйенің қаржылық инфрақұрылымын дамыту;

жаңа технологияларды коммерцияландыру үшін жағдай жасау, жаңа жоғары технологиялар енгізу, зияткерлік меншікті және ғылыми-техникалық өнім мен инновациялар нарығын бағалау жүйесін жетілдіру, республикада іске асырылатын

ғылыми-техникалық және инновациялық бағдарламаларды нәтижелі үйлестіруді қамтамасыз ету.

Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді негізге ала отырып, орта мерзімді кезеңде мыналарды жүзеге асыру қажет:

отандық өндірістің инновацияларды талап етуін арттыру, іргелі ғылымның, маңызды қолданбалы зерттеулер мен әзірлемелердің қарқынды дамуын қамтамасыз ету үшін ұйымдық және экономикалық тетіктер құру;

ғылыми-техникалық кешеннің нарықтық экономиканың жағдайларына бейімдеу, ғылымды, технологиялар мен техникаларды дамыту мақсатында мемлекет пен жеке меншік бизнестің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

экономика салаларында өндірістердің тиімділігі мен өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға әсер ететін сындарлы технологиялар мен инновациялық жобаларды іске асыру кезінде инновациялық саланың ұтымды стратегиялары мен даму басымдықтарын таңдау;

ғылымды, технологиялар мен техникаларды осы саладағы әлемдік үрдістерді ескере отырып, дамытудың басым бағыттарында ғылыми зерттеулер мен эксперименталдық әзірлемелерді қолдау;

ғарыштық технологиялар саласындағы (байланыс, материалтану, биотехнология және биомедицина және т.б.) іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамыту мен ғарыш қызметінің перспективалы бағыттарын дамыту үшін ғылыми-технологиялық база қалыптастыру үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ететін таяу және алыс ғарышты зерттеу және нәтижелер алу;

ғылым мен технологиялар саласында біліктілігі жоғары ғылыми және инженер кадрлар дайындау жүйесін жетілдіру;

ғылымды, технологиялар мен техникаларды дамытудың басым бағыттарын іске асыру кезінде ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті мемлекеттік реттеу мен тікелей және жанама ынталандырудың нарықтық тетіктерін, шараларын ұтымды үйлестіру;

шетелдік озық технологияларды тарту жүйесін құру.

Орта мерзімді перспективаға арналған бағыттарды іске асыру мемлекеттің шектелген қаржылай қаражатын ғылым мен технологиялардың басым бағыттарына шоғырлануына және ҒЗТКЖ-ның қағидатты жаңа технологиялар мен материалдар әзірлеуге, сондай-ақ өнеркәсіптің көкейкесті проблемаларын шешуге бағдарлануын шоғырландыруға ықпал ететін болады.

Даму институттарының Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруға қатысуы

Индустриялық-инновациялық саясатты жүргізудің негізгі құралдарының бірі институционалдық даму болып табылады. Бұл жерде қаржы және сервистік даму институттары ("Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, "Қазақстанның инвестициялық қоры" акционерлік қоғамы, "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамы, "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы, "Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" акционерлік қоғамы, "Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы" акционерлік қоғамы) маңызды рөл атқарады.

2003-2004 жылдары даму институттары институционалдық қалыптасты, әкімшілік және құқықтық база қалыптастыру, жобаларды бағалау өлшемдері мен рәсімдерін айқындау кезеңінен өтті.

Әрбір даму институтының өзінің мамандануы, өз тауашасы, ал тұтастай алғанда олар кез келген сатыда, жаңа өндірістерді құру кезінде және әр түрлі құралдарды пайдалана отырып, оларды кеңейткенге дейін инвестициялық және инновациялық жобаларды кешенді қолдау жүйесін құрды.

2005 жылы институттар қызмет көрсетілетін жобалардың саны мен көлемі бойынша қарқынды өсуді көрсетті.

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша даму институттарының ("Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының, "Қазақстанның инвестициялық қоры" акционерлік қоғамының, "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамының, "Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" акционерлік қоғамының, "Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы" акционерлік қоғамының) жиынтық жарғылық капиталы 120,6 млрд. теңгені құрады, оның ішінде 2005 жылы оны толықтыру 26,5 млрд. теңгені құрады.

"Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясаты шеңберінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 16 наурыздағы N 65 Жарлығына сәйкес ұлттық басқару компаниясы - "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Қазына" АҚ) құрылды.

"Қазақстанның Даму Банкі", "Қазақстанның инвестициялық қоры", "Ұлттық инновациялық қор", "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры", "Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы", "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамдары акцияларының мемлекеттік пакеті және "Қазинвест" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қатысу үлесі "Қазына" АҚ-ға берілді.

"Қазына" АҚ-ның негізгі мақсаттары:

- даму институттарын корпоративтік басқару деңгейін көтеру;
- даму институттары арасында үйлесімділікті жақсарту;

- ірі серпілісті жобаларды іске асыру үшін даму институттарының күш-жігерін және капиталын ықпалдастыру;
- мемлекеттің бизнеспен өзара іс-қимылын жақсарту;
- экспорт пен инвестицияны ілгерілету үшін халықаралық деңгейге шығу болып белгіленіп отыр.

"Қазына" АҚ Қазақстан Республикасының Үкіметіне даму институттарының қызметін үйлестіру негізінде экспорт-импорт секторының артықшылықтарын пайдаланып, ұлттық экономиканы әртараптандыруға, даму институттарының мамандануы арасында теңгерімді және олардың арасында ақылға сыйымды бәсекелестікті анықтауға көмектесуге арналған.

"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы

Қызметінің басынан бастап "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Банк) 548,8 млн. АҚШ долларымен Банктің қатысуымен 1 396,8 млн. АҚШ доллары сомасына 37 инвестициялық жобаны (N 2 қосымша), оның ішінде 465,7 млн. АҚШ долларымен Банктің қатысуымен 1 282,8 млн. теңге АҚШ доллары сомасына Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру шеңберінде 26 жобаны қаржыландыруды мақұлдады.

Банк қызметінің басынан бастап мақұлданған инвестициялық жобалар бойынша игеру 326,9 млн. АҚШ долларын, оның ішінде Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын бекіткен сәтінен бастап 266,4 млн. АҚШ долларын немесе игерудің жалпы көлемінің 81,5 %-ын құрады.

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Банктің 442,6 млн. АҚШ доллары кредит беру көлемімен жалпы сомасы 1 230,5 млн. АҚШ доллары 26 жоба іске асыру сатысында, 115 млн. АҚШ доллары сомасына инвестициялық жобалар бойынша 75,2 млн. АҚШ доллары сомасына 5 кредиттік келісім қол қою сатысында.

Банктің қаржыландыруға мақұлданған инвестициялық жобаларға қатысуының салалық құрылымы: электр энергиясын, газ және су өндіру мен бөлу (22 %), көлік және байланыс (жалпы көлемінің 17 %-ы), тоқыма және тігін өнеркәсібі (15 %), химия (13 %) , өзге де металл емес минералдық өнімдер өндіру, құрылыс материалдарын өндіру (12%), машина және жабдықтар өндіру (9 %) және тамақ өнеркәсібі (3 %) және экономиканың басқа да салалары (9 %).

"Қазақстанның инвестициялық қоры" акционерлік қоғамы

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 67,8 млрд. теңге сомасына 22 жоба қаржыландырылды, "Қазақстанның инвестициялық қоры" акционерлік қоғамының қатысуы 18,3 млрд. теңгені құрайды.

Бұдан басқа, 1,7 млрд. АҚШ долларынан асатын сомаға шамамен 40 жоба алдын ала қарауда жатыр.

Осы жобаларды іске асыру нәтижесінде бәсекеге қабілетті өндірістің дамуы, инфрақұрылым объектілерін құру және оларды жаңарту, салықтық түсімдер көлемінің өсуі, халықтың жұмыспен қамтылуы күтілуде.

"Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамы

"Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Қор) Ұлттық инновация жүйесін қалыптастыру мен дамыту жөніндегі 2015 жылға дейінгі бағдарламаны іске асыруға маңызды рөл берілді.

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қор 182,6 млн. АҚШ доллары сомасында Қордың қатысуымен жалпы сомасы 767,4 млн. АҚШ доллары 62 жобаны қаржыландыруды мақұлдады. Көрсетілген міндеттемелер 11 венчурлік қордың инвестициясын, 15 инновациялық жобаны, 1 технологиялық бизнес-инкубаторды, сондай-ақ қолданбалы ҒЗТҚЖ-ның 35 жобасын іске асыруға арналған гранттарды қамтиды.

"Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" акционерлік қоғамы

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша "Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Корпорация) 37,9 млрд. теңге (284 млн. АҚШ доллары) сомасына экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыруға 147 өтініш берілді.

Жалпы сомасы 30 млрд. теңгеге қаралған 133 жобадан Корпорация басқармасы жалпы сомасы 23,1 млрд. теңгеге (173,3 млн. АҚШ доллары) 114 экспорттық жобаны сақтандыру туралы шешім қабылдады, оның ішінде жалпы сомасы 14,9 млрд. теңге сомасына 69 жоба бойынша сақтандыру шартына қол қойылды. Бұл ретте, 39 шарт жобалар бойынша сақтандыру аяқталды, 30 шарт іске асырылуда.

"Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы" акционерлік қоғамы

"Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Орталық) инновациялық инфрақұрылымын қалыптастыру, атап айтқанда, Орал, Қарағанды және Алматы қалаларында өңірлік технопарктер құру, "Ақпараттық технологиялар паркінің" бірінші кезегін салу, бірқатар жоғары технологиялық жобаларды инжинирингтік сүйемелдеу жөнінде жұмыс жүргізді.

Жобалардың технологиялық сараптамаларын жүргізуге және инновациялық әзірлемелерді коммерцияландыру жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсетуге Орталыққа 46 жоба келіп түсті, оның 8-і бойынша сыртқы сарапшыларды тарта отырып, сараптама жүргізілуде.

Электр энергетикасы саласын дамыту

2007-2009 жылдары электр энергетикасы саласында мынадай міндеттер шешілетін болады:

елдің энергетикалық тәуелсіздігіне қол жеткізу, экономиканың және халықтың электр энергетикасына және көмірге өсіп отырған қажеттілігін сенімді қамтамасыз ету; көтерме нарықтың одан әрі дамуы және жеке тұтынушыларға электр энергиясын жеткізіп беру нарығында бәсекелестікті дамыту;

Қазақстан Республикасы Ұлттық электр торабының (ҰЭТ) транзиттік әлеуетін ұлғайту;

Қазақстан Республикасы энергия жүйесінің Орталық Азия және Ресей энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс істеуінің сенімділігін арттыру;

электр энергиясы мен қуатының қазіргі және болжанып отырған тапшылығын төмендету, Батыс өңір мен Қазақстанның Оңтүстігінің тұтынушыларын электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыру;

электр энергиясының қуатын реттеп отыратын шектес мемлекеттерден импортты қысқарту;

қазіргі кезде бар энергетикалық қуаттарды қалпына келтіру және қайта жаңарту; жинақтайтын қуаттардың құрылымдарын оңтайландыру.

Еліміздің энергетикалық тәуелсіздігіне қол жеткізу үшін, экономика мен халықтың электр энергиясына артып келе жатқан қажеттілігін сенімді түрде қамтамасыз ету үшін, өңірлік тапшылықты жою үшін бірқатар ірі жобаларды іске асыру жоспарланып отыр.

"Қазақстан Солтүстік-Оңтүстік" транзиті 500 кВ электр берілісі екінші желісінің құрылысы осындай жобалардың бірі болып табылады. Оның құрылысын 2008 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

Құны 250 млн.АҚШ доллары болатын Мойнақ ГЭС-і құрылысының жобасы іске асырыла бастады, оның құрылысын 2008 жылы аяқтау көзделіп отыр.

Ұзындығы 500 км "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" электр берілісінің өңіраралық желісінің құрылысы" жобасын іске асыру 2006 жылы басталады, оны 2008 жылы аяқтау көзделіп отыр.

"KEGOC" акционерлік қоғамы "Қазақстан Республикасы ҰЭЖ жаңғырту" жобасын іске асыруды жалғастырады.

Электр энергиясы өндірісінің көлемін арттыру мақсатында еліміздің батысында мұнай кен орындарының табиғи және ілеспе газын пайдаланып жаңа қуаттарды енгізу

көзделіп отыр (оның ішінде 2008 жылға қарай қуаты 100 МВт Қандыағаш газтурбина электр станциясын (ГТЭС), қуаты 240 МВт ТШО-ның Екінші буын зауыты ГТЭС-ін, қуаты 160 МВт Агир КСО ГТЭС-ін (жағалауда), қуаты 120 МВт Қашаған ГТЭС-ін салу)

Қазақстанның солтүстік аймағында енгізілуі жоспарланып отырған (Ақмола ЖЭО-2 -де 2007 жылы қуаты 120 МВт бір энергоблоктың құрылысы, Екібастұз ГРЭС-2-де 2010 жылға қарай қуаты 500 МВт N 3 энергоблоктың құрылысын аяқтау және іске қосу, Екібастұз ГРЭС-1-де блоктарды оңалту, Ақсу РРЭС-інде блоктарды жаңалау) жұмыстары оң энергетикалық теңгерімді күшейтетін болады, бұл республиканың Оңтүстік және Солтүстік аймақтарының зәрулігін жабу және электр энергиясын Қазақстаннан Ресейге экспорттап, оны 5-6 млрд. кВтсағ. дейін жеткізу үшін аса маңызды.

Еліміздің ядролық энергетика саласын дамытудың негізгі мақсаттары:

ғылыми қамтымды ядролық технологиялардың дамуы, отандық ғылымды қажет ететін әзірлемелерді сыртқы нарыққа шығару, оларды өнеркәсіп өндірісіне енгізу үшін қолайлы экономикалық жағдайлар жасау;

Қазақстанда ұлттық экономиканың жоғары технологиялық секторларының дамуы үшін шешуші маңызы бар, халықаралық мойындалған ең жаңа ядролық және сабақтас технологияларды игеру болып табылады.

Атом электр станциясын салу көмір электр станцияларымен салыстырғанда энергия ресурстарының баламалы көздерін тарта отырып, электр энергиясын өндіруді әртараптандыруға мүмкіндік беретін экологиялық жағынан басым инновациялық жоба болып табылады.

Жылу мен электрдің қажетті көлемінің экономикалық тиімді өндірісі елдің ішінде энергияға сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді және электр энергиясын экспорттауға мүмкіндік береді.

Атом энергетикасы мен уран өндірісінің дамуында көздеген мақсатқа жету Қазақстанды дамыған атом өндірістік энергетикалық кешені бар АҚШ, Жапония, Франция, Ұлыбритания, Ресей, Оңтүстік Корея, Қытай сияқты елдермен бір қатарға қояды.

Қазақстан Республикасында атом электр станциясын салу туралы шешім қабылдау үшін 2006 жылы техникалық-экономикалық зерттеулер жүргізу жұмыстары аяқталады.

2007 жылы электр энергиясын өндіру 76 млрд. кВтсағ. көлемінде болжанып отыр, 2009 жылы - 82 млрд. кВтсағ, 2007 жылға қарағандағы өсу - 7,9 %.

2007 жылы электр энергиясын тұтыну 73,7 млрд. кВтсағ. деңгейінде болжанып отыр, 2009 жылы - 78 млрд. кВтсағ, 2007 жылға қарағандағы өсу 5,8 %-ды құрайды.

Параграф 2. Көлік-коммуникациялық кешен Көлік-коммуникация кешенінің 2007-2009 жылдардағы дамуы

Көлік саласындағы мемлекеттік саясатты орта мерзімді перспективада іске асыру Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі Көлік стратегиясының шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Стратегияның басты мақсаты Қазақстанның көлік жүйесін еуразия көлік жүйесіне ықпалдасу, көлік саласын ел экономикасының өсіміне сәйкес дамыту, көлік дәліздерінің ендік-меридиандық жүйесін қалыптастыру, инфрақұрылымды кластерлік дамыту есебінен Қазақстанның көлік жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін дамыту болып табылады.

Қойған мақсатқа қол жеткізу көлік жүйесі функциясын жаңа сапалық деңгейге көшіруге, қазақстандық тауарлардың соңғы құнын кемітіп, әлемдік нарықта олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, жүктерді жеткізіп беру мерзімін қысқартуға (логистика, жаңарту, ноу-хау), көлік артерияларының бойында тұратын халықтың тіршілік сапасын көтеруді жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан аумағы арқылы транзитті арттыруға мүмкіндік береді.

Автомобиль жолдарының дамуы

Республиканың автомобиль жолдарының дамуы Қазақстан Республикасының 2006-2012 жылдарға арналған Автожолдар саласының даму бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады және оның мақсаты халықтың және еліміздің экономикасының автокөлік тасымалына қажеттілігін қанағаттандыру үшін жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары тораптарын жетілдіру болып табылады.

Еліміздің транзиттік әлеуетін дамыту мақсатымен республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының учаскелерін қайта жаңарту Бағдарламаның басымдықтарына сәйкес келесі бағыттарда жүргізіледі: Ташкент-Шымкент-Тараз-Алматы-Қорғас, Түркістан және Ақтөбе қалаларын айналып өтуді қоса алғандарды Шымкент-Қызылорда-Ақтөбе, Орал-Самара, Алматы-Қарағанды-Астана-Петропавл-"Астана-Шучье" учаскелерінде - Ресей Федерациясының шекарасы, "Бурабай-Көкшетау-Петропавл - Ресей Федерациясының шекарасы", "Астрахан-Атырау-Ақтау-Түркменстан шекарасы", Қиғаш өзені арқылы көпір салу, Омск-Павлодар-Семей-Майқапшағай (іріктемелі), Астана-Қостанай-Челябинск, Алматы-Аягөз-Георгиевка, Таскескен-Бақты, Шонжа-Көлжат, Үшарал-Достық (іріктемелі), Қызылорда-Жезқазған-Павлодар-Ресей Федерациясының шекарасы (іріктемелі), Жезқазған-Петропавл-Ресей Федерациясының шекарасы (іріктемелі), Бейнеу-Ақжігіт-Өзбекстан шекарасы (екінші-кезең).

Салада нормативтік-техникалық базаны жетілдіру және оны халықаралық талаптармен үйлестіру жөніндегі дәйекті жұмыстарды жүргізу жалғасады.

2006 жылдан бастап күрделі, орта және ағымдағы жөндеуге және автожолдарды күтіп ұстауға қаржыландыру көлемін бекітілген нормативтерге сәйкес деңгейге жеткізу жоспарланып отыр.

Жол қозғалысы мен көліктің қауіпсіздігін арттыру, инженерлік жайғастыруды қамтамасыз ету, жол жағдайы мен жол сервисін республикалық маңызы бар жалпыға бірдей пайдаланылатын жолдарда 2004-2008 жылдары негізгі халықаралық транзиттік дәліздерде жол маңында инфрақұрылымдарды дамыту жөніндегі Іс-шаралар жоспарына сәйкес жұмыстар жалғасатын болады.

Автомобиль көлігі

2007-2009 жылдары автомобиль көлігі дамуының басым бағыттары болатындар:

саланың қызметінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру жолымен автокөлік қызметі нарығын дамытуға жағдай жасау;

отандық тасымалдаушылардың мүдделерін қорғау, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі мен халықаралық тасымалдауларды жүзеге асыру жөніндегі үкіметаралық екі жақты келісімдер жасау және халықаралық конвенциялар мен келісімдерге қосылу жолымен өңірлік ықпалдастық қоғамдастықтар шеңберінде ықпалдасуы жағдайларында халықаралық автокөлік нарығын кеңейту.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіру жағдайында тасымалдау көлемінің артуына және отандық тасымалдаушының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпалын тигізетін Қазақстанның халықаралық автомобиль тасымалы нарығын кеңейту мақсатында халықаралық автомобиль тасымалы саласында 16 елмен үкіметаралық екі жақты келісімдер жасасу жөніндегі жұмыстар жалғасады.

Экологиялық жоғары талаптары бар жаңа Еуро стандарттардың енгізілуіне, автокөлік құралдарының техникалық жағдайын бақылауды күшейтуге, сондай-ақ автокөлік қызметінің қалдықтарын, кәдеге жаратуға байланысты (аккумулятор қышқылы, шиналар, есептен шығарылған автомашиналардың шанақтары және т.б.) автокөлік қызметінің қалдықтарынан қоршаған ортаның ластану мәселелерін шешу жөніндегі жұмыстар жалғасады.

Темір жол көлігі

Темір жол көлігі саласында жұмыс істеп тұрған жабдықтар мен тетіктерді жаңарту, жаңа технологияларды енгізумен бірге негізгі қорларды қайта құрылымдау есебінен техникалық базаны кешенді жаңарту жөніндегі іс-шаралар жалғасатын болады.

Көлік-логистикалық орталықтар мен терминалдарды дамыту мақсатында 2006 жылы "Ықпалдасқан логистикалық кешендердің орталықтары және Қазақстан

Республикасында контейнерлік тасымалдауды дамыту жөніндегі іс-шаралардың маркетингтік жоспары" жобасының техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу жөніндегі Жапонияның халықаралық ынтымақтастық агенттігінің келісімі (JICA) шеңберіндегі іс-шаралар жүргізіліп жатыр.

Алдағы кезеңде темір жол көлігі инфрақұрылымының одан әрі дамуы жалғасады.

Мынадай жобаларды іске асыру жоспарланып отыр:

ұзындығы 14,4 км Маңғыстау - Баутино темір жолын салу;

ұзындығы 31,8 км Ералы - Құрық темір жолын салу;

ұзындығы 440 км Бейнеу - Шалқар темір жолын салу;

жолдың үстіңгі бетінің құрылысын жаңалау жөніндегі жұмыстарды жүргізу, қолданыстағыларын кеңейту және қосымша жеке бекеттерді ашу, қосымша жолдар салу, электрлік орталықтандыруды жаңғырту, өңдеу қабілетін арттыру.

Әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушыларды темір жол көлігімен тасымалдауды субсидиялау жөніндегі іс-шаралар жалғасатын болады.

Қазақстан Республикасының темір жол көлігін қайта құрылымдаудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес 2006 жылы облыстық әкімдіктер жылумен және сумен жабдықтау объектілері мен темір жол вокзалдарының ғимараттарын коммуналдық меншікке қабылдауды аяқтайды және 2007 жылдан бастап технологиялық процесті орындау үшін қажетті талаптарға сәйкес оларды ұстауды қамтамасыз етіледі.

Жылжымалы құрам паркін жаңғырту және жаңалау мақсатында локомотивтерді және темір жолдың жылжымалы құрамын құрастыру жөніндегі кәсіпорындарды құру бойынша іс-шаралар жалғасатын болады.

Су көлігі

Теңіздегі жүк тасымалы нарығында басым жағдайда болу және Қазақстанның теңіз айлақтары арқылы тиеліп-түсірілетін жүктердің көлемін ұлғайту мақсатында Су көлігін дамытудың 2006-2012 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленді. Бұл Бағдарлама ұлттық сауда флотын қалыптастыруды, дамыған айлақтық және сервистік инфрақұрылымды жасауды, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруді, теңіз көлігі саласында кадрларды даярлауды және қайта даярлауды көздейді.

Бұдан басқа, жоғарыда аталған Бағдарлама шеңберінде ірі тоннажды танкер және құрғақ жүк-флоттарын құру, сондай-ақ теңіз операцияларын қолдау флотын дамыту көзделіп отыр.

Алдағы кезеңде мемлекеттік-жеке әріптестік негізінде "Ақтау айлағын солтүстік бағытта кеңейту" жобасын іске асыру шеңберінде айлақ инфрақұрылымын дамыту жөніндегі және Маңғыстау облысының Түпқараған шығанағында Кемелердің қозғалысын басқару жүйесін жасау жөніндегі жұмыстар аяқталады.

Кеме қатынасы үшін қауіпсіздік жай-күйінде ішкі су жолдарын қамтамасыз ету және ұстау жөніндегі жұмыстар жалғасатын болады.

Ішкі су жолдарының кеме жүргізуге қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ету және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстар жалғасады. Каспий теңізінің айлақтарымен көлік қатынастарын кеңейту және "Солтүстік-Оңтүстік" халықаралық дәлізі бойынша жүк тасымалдауды арттыру үшін 2015 жылға дейінгі Көлік стратегиясында жеке инвестицияларды тартып Атырау өзені (саға) айлағын қайта жаңарту көзделіп отыр.

Әзірленіп жатқан Кеме жүргізу шаруашылығын дамытудың және ішкі су жолдарында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2007-2012 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде жолаушыларды және жүктерді өзен көлігімен тасымалдауды ішкі су жолдары бойымен жүзеге асырғанда имараттарды қайта жаңалау мен жаңғыртуға және кеме жүру шлюздарын жарақтандыруға, мемлекеттік техникалық өзен флотының кемелерін кезеңмен алмастыруға және қосымша алуға, су жолдарын кеме жүретін жағдайда ұстау бойынша іс-шараларды жүргізу қызметінің құнын кемітуге бағытталған іс-шаралар кешенін жүргізу көзделіп отыр.

Бағдарламаны іске асырудың нәтижесінде өзен көлігімен жүк тасымалдау көлемі 7 млн. тоннаға дейін көбейеді.

Каспий теңізінің қазақстандық секторында операциялар жасайтын шет ел кемелерін жөндеуден өткізіп және техникалық қызмет көрсету мақсатында Каспий теңізінің Қазақстан жағалауында кеме жөндеу кеме жасау инфрақұрылымын салу жоспарланып отыр.

Әуе көлігі

Азаматтық авиация саласының дамуы Азаматтық авиацияны дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаның негізгі мақсаты азаматтардың сапалы әуе қызметіне артып отырған сұранысын қанағаттандыру, тиімді, бәсекеге қабілетті, халықаралық талаптарға жауап беретін мемлекеттік әуе көлігі жүйесін жасау болып табылады.

Оны іске асыру шеңберінде Ақтөбе қаласы әуежайының жолаушылар терминалын, Павлодар қаласының әуеайлағын және Шымкент қаласының әуежайын қайта жаңартуды аяқтау көзделіп отыр.

Алдағы кезеңде мемлекеттік-жеке әріптестікті қолданып Атырау қаласының әуежайында жолаушылар және жүк терминалын салу және Ақтау қаласының әуежайын қайта жаңартуды жүргізу жоспарланып отыр (жасанды ұшу-қону жолағын қайта жаңғырту және жолаушылар терминалын салу).

Авиация техникасы мен қызмет көрсетудің жер үсті құралдарын одан әрі жаңалау үшін осы заманғы әуе кемелері мен аэронавигациялық жабдықтарды сатып алу

көзделіп отыр. Еліміздің аэронавигациялық кешенін әуе қозғалысын қадағалауды/басқаруды навигациялаудың спутниктік жүйесін енгізуге даярлық жалғасады.

Астана, Алматы және Атырау қалаларында жаңартылған әуежай кешендері негізінде әуе қатынастарын кеңейту үшін іс-шаралар жүргізіледі.

Әлеуметтік мәні бар рейстерді жүзеге асыру үшін тұрақты ішкі әуе тасымалын субсидиялауды жалғастыру қажет.

Телекоммуникация мен почта байланысының дамуы

Телекоммуникация саласының 2007-2009 жылдардағы дамуының негізгі мақсаты ақпараттық қоғамды және Қазақстанның бәсекеге қабілетті экономикасын одан әрі қалыптастырудың ең басты шарттарының бірі ретінде телекоммуникациялық секторды одан әрі дамытуға арналған жағдайлар мен тетіктерді жетілдіру болып табылады.

Ақпараттық қоғамға өтуді қамтамасыз ету үшін мемлекеттік саясаттың негізгі үш бағыты айқындалып отыр: саланы мемлекеттік реттеуді жетілдіру, инновациялық-технологиялық даму және саланың техникалық базасын қамтамасыз ету, саладағы әлеуметтік-экономикалық және саяси міндеттерді іске асыру.

Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін бірінші кезектегі мынадай міндеттерді орындау қажет.

Телекоммуникация саласында заңнаманы үйлестіру және оны ЕО заңнамасына және ДСҰ-ның және Электр байланысының халықаралық одағының талаптарына жақындата түсу жөніндегі жұмыстар жалғасатын болады.

Телекоммуникация тораптарын жаңалау мен дамытудың мынадай басым бағыттарын іске асыру болжанып отыр:

- Ұлттық ақпараттық супермагистраль салуды жалғастыру;
- телекоммуникациялардың жергілікті торабын жаңғырту және дамыту;
- деректерді беру тораптарын дамыту;
- ұялы байланысты дамыту;
- жаңа буын тораптарын дамыту;
- радиожиілік спектрін конверсиялау;
- спутниктік байланыс жүйесін дамыту.

Алға қойған мақсатқа қол жеткізу үшін жаңа нормативтік-құқықтық кесімдер әзірленетін болады, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға телекоммуникация қызметі нарығында бәсекелестікті дамытуға, радиожиілік спектрін босатуға және конверсиялауға бағытталған тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Телекоммуникация саласына инвестиция тарту мақсатында ұлттық қауіпсіздік мүдделерін сақтай отырып, қалааралық және халықаралық операторлардың жарғылық қорында шетел капиталының болуына шек қоюды алып тастау мүмкіндігі туралы мәселе пысықталатын болады.

Бәсекелестікті одан әрі дамыту және ұялы байланыстың енгізілуін тереңдету мақсатында ұялы байланыстың GSM стандартының үшінші операторын дамыту бойынша іс-шаралар жалғасатын болады.

Жоспарланып отырған кезеңде "KAZSAT-2" байланыс және хабар тарату спутнигін ұшыру мәселесі пысықталатын болады, бұл Қазақстанға спутниктік байланыстың халықаралық операторлар аренасына шығуына, сондай-ақ 1-ден астам өз спутнигі бар қазіргі кезде 30-дан аспайтын елдердің құрамына енуіне мүмкіндік береді.

Ұлттық ақпараттық супермагистральдің (бұдан әрі - ҰАСМ) құрылысының аяқталуының нәтижесінде республиканың барлық өңірлерінің бүкілдүниежүзілік ақпараттық торапқа кемінде үш рет шыға алатын ірі үш шеңбер түріндегі оңтайлы қосылуы жүзеге асырылады. Бұл, өз кезегінде, магистральдық торапты пайдалануды арзандатуы, қосылу сапасын арттыруы, сондай-ақ байланыстың жоғары сапалы цифрлық арнасын, көліктік ортасын беруі негізінде республикада телекоммуникация нарығының дамуын қамтамасыз етуге тиіс және еліміздің ұзақ мерзімді бәсекелестік артықшылықтарын қамтамасыз ету үшін технологиялық алда болуға және техникалық базасын жасауға жәрдемдесетін болады.

Сондай-ақ ҰАСМ құрылысын толық аяқтау әлемдік телекоммуникациялық нарықта бәсекеге ұлттық қабілеттілікті қамтамасыз етудің алғышарттарын жасайтын болады. Цифрлық магистральді жасау барлық деңгейдегі телекоммуникацияның дамуына да, олар арқылы ТОВЖ (талшықты оптикалық байланыс желісі) өтетін өңірлердің ақпараттандырылуы мен іскерлік белсенділігінің артуына да жәрдемдесіп, Ресей тораптарына тәуелсіз екінші қуатты шлюз ұйымдастырылатын болады.

Халқының саны 50-ден астам телефон орнатылмаған ауылдық елді мекендердің бәрі телефон байланысымен қамтамасыз етіледі.

Күтілетін нәтижелер

Алға қойылған бағыттар мен белгіленген іс-шараларды іске асыру Қазақстанға 2008 жылға қарай мынадай шешуші индикаторларға қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- бекітілген телефон желісінің тығыздығы - еліміздің 100 тұрғынға 23-тен;
- ұялы байланыс абоненттерінің тығыздығы - 100 тұрғынға 50-ден;
- телекоммуникациялардың жергілікті тораптарының сандық деңгейі - 80 %;
- 100 тұрғынның 10-ы Интернетті пайдаланушылар.

Спутниктік байланыстың қазіргі операторларын "KAZSAT"-қа ауыстыру ақпараттық қауіпсіздікке, республиканың валюта қаражатын үнемдеуге, Қазақстан Республикасының барлық салалары үшін спутниктік байланыс қызметінің серпінді дамуына көмегін тигізеді. ТМД елдерінің операторларына да спутниктік байланыс арналарын жалға беру жоспарланып отыр.

Почта байланысы саласында 2007-2009 жылдардағы негізгі мақсат жоғары сапалық деңгейде көрсетілетін почта-жинақтау қызмет көрсетулеріне халықтың еркін қол

жетімділігін қамтамасыз етуге қабілетті өңірлік инфрақұрылымын дамыту және жаңғырту болып табылады.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

"Қазпочта" акционерлік қоғамының материалдық-техникалық базасын жетілдіру және осы заманғы технологияларды енгізу;

почта-жинақтау қызметін көрсету сапасын жақсарту;

көрсетілетін қызмет түрлерін кеңейту және осы заманғы банк өнімдерін және Интернетке бағытталған қызметті енгізу үшін технологиялық базаны жасау;

почта-жинақтау қызметін дамыту үшін қаржы тетіктерін қалыптастыру;

басқарудың осы заманғы технологияларын енгізу.

Почта байланысын пайдалану көрсеткіштерін жақсартуға, оған қоса жұмыс істеу мен магистральдық бағыттарды оңтайландыруды көздейтін, почта жөнелтімдерін жеткізуді қысқарту жиілігі мен мерзімдерін өсіруге бағытталған іс-шаралардың артықшылығы анықталды.

Ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын табысты іске асыруға жәрдемдесу мақсатында почта байланысы саласында осы заманғы жабдықтарды енгізіп, өндірістік технологияларды жаңарту жоспарланып отыр, бұл қала мен ауыл арасындағы әлеуметтік мәні бар қызмет көрсетулерге қол жетімділік деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі алшақтықты қысқартуға мүмкіндік береді.

Банк қызметімен, әсіресе ауылдық жерлерде тұратын халықты қамтуды кеңейтуді қамтамасыз ету мақсатында "Қазпочта" акционерлік қоғамы қаржылық қызметтің түр-түрін кеңейту жөнінде жұмыстар жүргізеді. Одан басқа, өзге банк қызметтеріне, сондай-ақ халықты және шағын бизнес субъектілерін шағын кредиттеу қоры қызметіне қосылу жолымен, агенттік қызмет көрсетулер түрлерін кеңейту саласында Қоғамның қызметін жандандыру жоспарланып отыр.

Алдағы кезеңде банкоматтардың өз тораптары және POS-терминалдар негізінде почталық төлем карточкаларын шығару және қызмет көрсету сияқты жаңа жоғары технологиялық қызметтерді жеделдетуге, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар үшін бағалы қағаздар бойынша мәмілелер жасауды тіркеу пункттерін құру жолымен трансфер-агенттік қызмет көрсетуді дамытуға назар аударылатын болады.

"Электрондық үкімет" құру жөніндегі мемлекеттік жобаны іске асыру үшін осы заманғы телекоммуникациялық және Интернет-технологияларды енгізу жолымен Қоғамның өңірлік тораптарын жетілдіру жоспарланып отыр.

Белгіленген мақсаттар мен қойылған міндеттерді орындау еліміздің барлық аумағында халықаралық стандарттар деңгейінде көрсетілетін почта-жинақтау қызметіне еркін қол жетімділікті қамтамасыз етуге қабілетті дамыған өңірлік инфрақұрылым жасауға мүмкіндік береді.

Ұлттық почта операторының материалдық-техникалық базасын жақсарту және осы заманғы технологияларды енгізу почта-жинақтау қызметін жоғары сапалық деңгейде

жүргізуге мүмкіндік береді: облыстық ішкі бағыттар бойынша почта тасымалының жиілігі аптасына 5 ретке дейін, ішкі аудандық бағыттар бойынша - аптасына 3 ретке дейін, еліміздің бүкіл аумағында почталық ақша аударымдары бір күн ішінде жүзеге асырылатын болады.

Почта-жинақтау қызметін көрсету түрлерінің қатарында және ауыл мен қала арасындағы қызмет көрсету сапасының арасындағы алшақтықты қысқарту ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасайтын болады.

Почта бөлімдері арқылы қаржы қызметінің кеңейтілген түр-түрі ұсынылатын болады, смарт-карт технологиялары және терминалдар тораптары негізінде тиімді және өзін-өзі ақтайтын алдыңғы қатарлы өнімдер енгізілетін болады. Почта жинақтау жүйесінің дамуы арқасында қалада тәрізді ауылдық жерде тұратын адамдарға қаржылық қызмет көрсетулер қол жетімді болады.

"Электрондық үкіметтің" дамуы

Қазақстанның ақпараттық қоғам құруды қалыптастыру жолындағы жылдамырақ ілгерілеуі үшін, әлемдік тәжірибені ескере отырып, Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жалғасатын болады.

"Электрондық үкіметтің" алдағы кезеңдегі негізгі мақсаты халық пен бизнестің мемлекеттік органдардың қызметіне жылдам және сапалы қол жетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Осы мақсатты іске асыру үшін "электрондық үкіметті" қалыптастыру және тиістілікті, оның ішінде халықтың ақпараттық қоғамға даярлық деңгейін арттыруға бағытталған пилоттық жобаларды қалыптастыру және енгізуді жеделдету жөніндегі жұмыстар жандандырылатын болады.

Интернеттің бүкілдүниежүзілік торабының қазақстан сегментінің контентін дамыту және халық үшін компьютерлік техниканың қол жетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру жоспарланып отыр.

2007-2009 жылдары Интернет тарифтерін төмендету және PR науқандарын жүргізіп, жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен мектептер, ЖОО-лар, қоғамның қол жетімді пункттері жанында ИТ-оқуларын ұйымдастыру көзделіп отыр. Осыған байланысты "е-әкімдіктерді" құру жөнінде пилоттық жобалар іске асырылатын болады.

"Электрондық үкіметтің" табысты жұмыс істеуі мақсатында халықтың компьютерлік сауаттылығының әр түрлі деңгейімен және қазіргі инфокоммуникациялық технологияларға қолжетімділігі мүмкіндіктерінің теңсіздігімен сипатталатын Қазақстанда ақпараттық теңсіздікті төмендету бойынша салалық бағдарлама қабылданатын болады. Осы бағдарламаның іс-шаралары Қазақстан

халқының компьютерлік сауаттылығының деңгейіне 20%-ға және Интернет пайдаланушылар 20% деңгейіне жеткізуге, сондай-ақ Қазақстан азаматтарының өмірінде ақпараттық ресурстардың әлеуметтік және экономикалық маңыздылығының артуына бағдарланған.

Параграф 3. 2007-2009 жылдары агроөнеркәсіптік кешенді дамыту

Бюджетке төлемдер 2006 жылы 135,3 млрд. теңге мөлшерінде бағалануда. Салық төлемі 2004 жылмен салыстырғанда 34% немесе 34,4 млрд. теңгеге өсті.

Компания 2004 және 2005 жылдары мынадай мөлшерлерде мемлекеттік акциялар пакеттерінің дивидендтерін төледі: 2004 жыл - 5 278,50 млн. теңге, 2005 жыл - 4 879,92 млн. теңге.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ

"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ (бұдан әрі - компания) Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 14 шілдедегі N 3593 Жарлығына сәйкес құрылған. Компания уран мен оның қосындыларының, атом энергетикалық станциялары үшін ядролық отынның, арнайы жабдықтар мен технологиялардың, қосарлы пайдалану материалдарының экспорты мен импорты жөніндегі бас оператор б о л ы п т а б ы л а д ы .

2005 жылы уран өндіру 3837,6 тоннаны құрады, бұл 2004 жылдың көрсеткіштерінен 7%-ға жоғары, оның ішінде бірлескен кәсіпорындармен: "Катко" БК - 37,8 тонна, "Ыңғай" БК - 176,8 тонна, Бетпақ Дала" БК - 726,0 тонна өндірілді. Қазақстан Республикасы бойынша барлығы 4345,5 тонна уран өндірілді.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-на кіретін компаниялардың тотықша-тотық өндірісі 2005 жылы 3690,6 тоннаны құрады, бұл 2004 жылғы көрсеткіштен 0,4%-ға (3704, 1 тоннаға) төмен. 2005 жылы жалпы тотықша-тотық шығару 4193,7 тоннаны құрады.

Табиғи уран өндіру көлемінің тұрақты өсуіне мынадай іс-шараларды іске асыру: жаңа кен орындарын игеру және қолданыстағы кеніштерді дамыту есебінен өндіріс к ө л е м і н ұ л ғ а й т у ;

жаңа техника мен озық технологияларды, өндірістерге ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстарды енгізу есебінен өндірісті интенсивтендіру, жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру есебінен қол жеткізілді.

2004 жылы Компанияның кірісі 36 849,3 млн. теңгені құрады. Бұл ретте кірістің 51,07 %-ын (18 818,4 млн. теңге) уран өнімдерін сату, 4,72 %-ын (1732,3 млн. теңге) бериллий өнімдерін сату, 7,04%-ын (2596,8 млн. теңге) тантал-ниобий өнімдерін сату, 0,57 %-ын (208,7 млн. теңге) плавик қышқылын сату құрады, жалпы сату көлемінің 27,83%-ын (10 255,3 млн. теңге) энергетикалық кешен өнімдерін сату құрайды, 8,79%-ы (3237,7 млн. теңге) өзге де сатудан түскен кіріс.

2004 жылы бухгалтерлік есеп бойынша қаржы нәтижесі: "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" бойынша - 3206, 4 млн. теңге, "Үлбі металлургия зауыты" АҚ (бұдан әрі - "ҮМЗ" АҚ) бойынша - 438,0 млн. теңге, "Волковгеология" АҚ бойынша - 220,3 млн. теңге, "Жоғары технологиялар институты" ЖШС бойынша - шығын 3,8 млн. теңге, "Геотехнология" АҚ - 3,3 млн. теңгені құрайды. Бұдан басқа, 2004 жылы бірлескен кәсіпорындардың қатысу үлесінен, атап айтқанда, "Заречное" БК бойынша - 2,9 млн.

теңге және "Катко" БК бойынша - 134,2 млн. теңге кіріс алынды. "МАЭК Қазатомөнеркәсіп" ЖШС қызметінің шығыны 374,4 млн. теңгені құрады. Мұның себебі "Актал ЛТД" ЖШС-ның 550 млн. теңге сомасында күмәнді қарыздар бойынша резервтер құру көрсетілген кәсіпорынның банкроттығы туралы жарияланғанына байланысты болды. "Тау кен компаниясы" ЖШС қызметінен болған шығын 515,8 млн. теңгені құрады. Шығын кәсіпорын қызметінің ұзаққа созылмауы салдарынан дайын өнімнің сатылмағандығына байланысты. Компанияның шоғырландырылған таза кірісі 2920 млн. теңгені құрады, бұл 2003 жылдың көрсеткіштерінен 58,6 %-ға асып түсті.

Салық салынатын кіріс Компания бойынша 2004 жылы 4 928,8 млн. теңгені құрады.

2005 жылы Компанияның шоғырландырылған кірісі 63 293,8 млн. теңгені құрады, 2005 жылы Компанияның жиынтық шығыстары 51 738,7 млн. теңгені құрады.

Өнімдерді сатудан түскен шоғырландырылған кіріс 2005 жылы 48%-ға ұлғайды және 51108,9 млн. теңгені құрады. Бұл ретте кірістің 56,75 %-ын уран өнімдерін сату, 6,35%-ын бериллий өнімдерін сату, 5,65%-ын тантал-ниобий өнімдерін сату, 0,4 %-ын плавик қышқылын сату құрады, жалпы сату көлемінің 21,25 %-ын энергетикалық кешен өнімдерін сату құрайды.

2005 жылы Компанияның таза кірісі - 11 841,8 млн. теңгені құрады, оның ішінде негізгі емес қызметтен түскен кіріс саны - 9 899,4 млн. теңге мөлшерінде. Компанияның шоғырландырылған таза кіріс саны 11 722,4 млн. теңгені құрады. 2005 жылы таза табыстың күрт өсуі 2004 жылмен салыстырғанда "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС-нің мүліктік кешенінің қайта бағалануымен түсіндіріледі.

Уран нарығындағы қолайлы жағдай 18 566,6 млн. теңге мөлшерінде 2006 жылғы салық салуға дейінгі Компания кірісін анықтауға мүмкіндік береді, бұл 2005 жылғы салық салуға дейінгі кірістен 7,1 %-ға жоғары. 2006 жылы Компанияның шоғырландырылған таза кірісін 12 322,6 млн. теңге мөлшерінде алу күтілуде. Бұл кірістің негізгі үлесі гексафторит уранын сату есебінен алу жоспарланып отырған 8768,2 млн. теңге - "ҮМЗ" АҚ-қа тиесілі.

Бюджетке төлеуге аударылған салықтың жалпы сомасы Компанияның барлық кәсіпорындары бойынша 2004 жылға 7030,3 млн. теңге, 2005 жылға - 11 801,91 млн. теңгені құрады, салық төлемдерінің өсуі 2005 жылы 67,9 % және 2006 жылға - 11 647,02 млн. теңгені құрады.

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" АҚ

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" АҚ (бұдан әрі - компания) мемлекеттік астық ресурстарының сақталуы мен жаңартылуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ, елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған астық пен одан жасалған өнімдер бағасының ішкі конъюнктурасын реттеуді жүзеге асырады. Сонымен бірге,

Компания мақтаны қайта өңдеу саласын дамытумен, мақта талшықтарының бәсекеге қабілеттілігін арттырумен, рапсты өндіруді қолдаумен айналысады.

Компанияның 2004 жылғы қызметінің қорытындылары бойынша 559,2 млн. теңге сомасында таза кіріс алынды, оның ішінде республикалық бюджетке дивидендтер түрінде 274,5 млн. теңге аударылды.

2004 жылы жалпы кіріс 34 485,9 млн. теңгені құрады, оның ішінде: мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түсетін кіріс - 3 464,7 млн. теңге; жеке қаржы-шаруашылық қызмет бойынша түсетін кіріс - 31 021,2 млн. теңге.

2004 жылы жалпы шығыстар 33 926,7 млн. теңгені құрады, оның ішінде: мемлекеттік астық ресурстарын басқару шығыстары - 3 454,6 млн. теңге; жеке қаржы-шаруашылық қызмет бойынша шығыстар - 30 472,2 млн. теңге, оның ішінде әкімшілік шығыстар - 521,0 млн. теңге.

2004 жылы салық салынатын кіріс 530,8 млн. теңгені құрады.

2005 жылы Корпорация барлық егіннің: астықты мемлекеттік сатып алу бағдарламасы бойынша - 549,999 мың тоннасын 6208,4 млн. теңге сомасына;

тартылған кредиттік ресурстар есебінен астық сатып алу бағдарламасы бойынша - 1 002,4 мың тоннасын 13 330,1 млн. теңге сомасына сатып алды.

Қаржы-шаруашылық қызмет қорытындылары бойынша 2005 жылы Компаниядан 452,8 млн. теңге мөлшерінде таза кіріс алынды, оның ішінде мемлекеттік ресурстар жөніндегі қызметтен - 12,0 млн. теңге, жеке қызметтен 440,8 млн. теңге мөлшерінде.

2005 жылдың қорытындысы бойынша Компания мемлекеттік акциялар пакетіне 220,4 млн. теңге мөлшерінде белгіленген тәртіппен дивидендтер аудару жоспарлануда.

2005 жылы Компанияның жалпы кірісі 33 391,9 млн. теңгені құрады, оның ішінде: мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түсетін кіріс - 7677,0 млн. теңге; жеке қаржы-шаруашылық қызмет бойынша кіріс - 25714,9 млн. теңге.

2005 жылы Компанияның жалпы шығыстары 32 939,0 млн. теңгені құрады, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстарын басқару шығыстары - 7665,0 млн. теңге; жеке қаржы-шаруашылық қызмет бойынша шығыстар - 25 274,0 млн. теңге, оның ішінде әкімшілік шығыстар - 746,3 млн. теңге.

2005 жылғы салық салынатын кіріс 463,2 млн. теңге.

2006 жылғы 1 қаңтарда Компания 1151,0 мың тонна көлемінде мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастырды, оның ішінде мемлекеттік азық-түліктік астық резерві - 500,0 мың тонна, мемлекеттік тұқымдық ресурстары - 95,9 мың тонна, мемлекеттік жемдік астық ресурстары - 4,0 мың тонна, мемлекеттік сатылатын астық ресурстары - 551,1 мың тонна.

Мемлекеттік астық ресурстары республиканың 75 астық қабылдау

кәсіпорындарына орналастырылды.

Астық сатып алу мемлекеттік азық-түліктік астық резервін қалыптастыру және отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді қолдау мақсатында жүргізіледі .

2006 жылы 2006 жылғы егіннен:

мемлекеттік сатып алу бойынша - есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін ҚҚС қоса алғанда және бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін ҚҚС есептемей франко-элеватор жеткізу шартымен 12 350 теңге баға бойынша 6208,4 млн. теңге сомасына 502,703 мың тонна;

коммерциялық сатып алу бойынша - 2 млн. тонна астық сатып алу көзделген.

Өткен жылдардағыдай, астық сатып алу екі кезеңмен: жеткізу шартының негізінде көктемгі-жазғы кезеңде қаржыландыру арқылы және күзде тікелей сатып алу арқылы жүргізілетін болады .

2006 жылы 456,4 млн. теңге мөлшерінде таза кіріс алу жоспарлануда, оның ішінде жеке қызметтен түсетін кіріс 445,4 млн. теңгені, мемлекеттік ресурстармен басқарудан түсетін кіріс 10,97 млн. теңгені құрайды.

2006 жылы Компания бюджетке 222,7 млн. теңге мөлшерінде мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтерді аударуды жоспарлап отыр.

2006 жылға Компанияның жалпы кірісі 31 164,2 млн. теңге мөлшерінде жоспарланған, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түсетін кіріс - 6781,3 млн. теңге;

жеке қаржы-шаруашылық қызмет бойынша кіріс - 24 382,9 млн. теңге.

2006 жылға арналған жалпы шығыстар 30 707,9 млн. теңге мөлшерінде жоспарланған, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстарын басқару шығыстары - 6770,4 млн. теңге;

жеке қаржы-шаруашылық қызмет бойынша шығыстар - 23937,5 млн. теңге.

2006 жылға арналған салық салынатын кіріс 429,8 млн. теңге мөлшерінде жоспарланып отыр.

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ (бұдан әрі - Компания) "Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамыту және "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 492 қаулысына сәйкес құрылды.

Компания қызметінің негізгі мәні коммуникациялық орта мен мемлекеттік ақпарат ресурстарының өзара іс-қимыл жүйесін жасау, жалпы пайдаланудағы ақпарат базасын қалыптастыру, сондай-ақ халықаралық ақпарат жүйелерімен ынтымақтастық болып табылады .

Ұлттық оператор ретінде Қоғамның ақпараттандыру саласындағы негізгі қызметі: мемлекеттік ақпарат жүйелерінің өзара іс-қимылын, олардың әлемдік ақпарат ресурстарына және ақпарат жүйелеріне ықпалдасуын қамтамасыз ету;

ведомствоаралық мемлекеттік ақпарат жүйелерін сүйемелдеу мен пайдалануды жүзеге асыру;

жеке және заңды тұлғалардың ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында олардың жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпарат ресурстарына қолжетімділігі үшін техникалық жағдайлар ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

мемлекеттік ақпарат ресурстары мен ақпарат жүйелерінің тіркелімін жүргізуді техникалық қамтамасыз ету болып анықталды.

2006 жылы 1 маусымда Мемлекеттік ақпараттық ресурстар және ақпараттық жүйелер тіркелімінде мемлекеттік органдар 228 дерекқорды, 208 бағдарлама өнімдерін, 40 web сайтты және 17 деректер беру желісін тіркеді.

2004 жылғы қаржы-шаруашылық қызмет қорытындылары бойынша Қоғамның жалпы кірісі жоспарланған 560,8 млн. теңгенің орнына 548,3 млн. теңгені (97,8 %) құрады. 2003 жылмен салыстырғанда (443,7 млн. теңге) өсу 23,6 %-ды құрады.

Қоғамның негізгі қызметінен бюджеттің кіріс бөлігінің орындалмау себебі телекоммуникациялық қызметтер көлемінің азаюы, 2004-2006 жылдарға арналған Қоғамды дамыту жоспарында көзделген мемлекеттік органдардың орталықтандырылған сервистік техникалық қызмет көрсетуге көшу кестесін толық көлемде орындамауы болып табылады.

2004 жылға Қоғамның жалпы шығыстары жоспарланған 553,4 млн. теңгенің (шығыс бөлігі 59,1 млн. теңгеге төмендеген) орнына 493,3 млн. теңгені (89,3%) құрады. 2003 жылмен салыстырғанда жалпы шығыстар 46 млн. теңгеге немесе 91%-ға азайды.

2004 жылғы қаржы-шаруашылық қызмет қорытындылары бойынша Қоғамнан салық салудан кейін 50,4 млн. теңге таза кіріс алынды, оның 46,3 млн. теңгесі акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша резервтік капиталды толықтыруға бағытталды.

2004 жылға мемлекеттік бюджетке салықтың төленген құны және басқа төлемдер 123,7 млн. теңгені құрады. 2003 жылмен салыстырғанда мемлекеттік бюджетте аударымдар және төлемдер 31,1 млн. теңгеге өсуі байқалып отыр, бұл қаржылық жай-күйдің тұрақтануымен және өнімді өндіру көлемінің артуымен белгіленеді.

2005 жылы орындалған жұмыстың (қызметтің) жалпы көлемі 594,8 млн. теңгені құрады, бұл 2004 жылдың ұқсас көрсеткіштерінен 53,2 млн. теңгеге артық, бірақ жоспардан 11,7 %-ға төмен.

Мемлекеттік бағдарлама бойынша жұмыс көлемі 279 млн. теңгені құрады. Бұл көрсеткіш 2004 жылғы нақты орындаудан 2,2%-ға жоғары, бірақ жоспардағыдан 19,9% - ға төмен.

2005 жылғы қаржы-шаруашылық қызмет қорытындылары бойынша Қоғамның

жалпы кірісі жоспарланған 678,6 млн. теңгенің орнына 602,86 млн. теңгені (алдын-ала жоспарланғаннан 88,8%) құрады. Кірістің нақты мөлшері 2004 жылғы ұқсас көрсеткіштерден 9,9%-ға немесе 54,5 млн. теңгеге жоғары.

Қоғам бюджетінің кіріс бөлігінің орындалмауының негізгі себебі, жоғарыда көрсетілгендей, телекоммуникациялық қызмет көрсету көлемінің азаюы, бюджеттік бағдарламаларды дамыту жөніндегі шарттарды Дамыту жоспарында жоспарланғаннан аз сомада бекіту және министрліктердің ұлттық операторларға орталықтандырылған сервистік жүйелі-техникалық қызмет көрсетуге көшу кестесін сақтамауы болып т а б ы л а д ы .

2005 жылға Қоғамның шығыстары жоспарланған 626,8 млн. теңгенің ("үнемдеу" шығыстары 58,4 млн. теңгені құрады) орнына 568,3 млн. теңгені (90,7%) құрады. Нақты көрсеткіш 2004 жылғы ұқсас көрсеткіштен 15%-ға артық, бұл ақшалай баламада 7 5 м л н . т ең г е н і қ ұ р а й д ы .

2005 жылғы қаржы-шаруашылық қызмет қорытындылары бойынша Қоғамнан 34,52 млн. теңге (жоспарланған 51,9 млн. теңгенің орнына) мөлшерінде таза кіріс алынды. Бұл ретте, 2005 жылғы қорытындылар бойынша мемлекеттік акциялар пакетіне 4,89 млн. теңге сомасында дивидендтер төленді.

Есеп беру кезеңінде мемлекеттік бюджетке төленген салықтың құны және басқа төлемдер 173,1 млн. теңгені құрады.

2006 жылы Қоғам қызметінің негізгі бағыттары Қазақстан Республикасында "электронды үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберіндегі жұмыстарды орындау, аппараттық-бағдарламалық құралдардың сервистік жүйелі-техникалық қызмет көрсетуі және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу және телекоммуникациялық қызметтер к ө р с е т у б о л а д ы .

2006 жылы Қоғамның жалпы сомасы 865,7 млн. теңге кіріс алуы күтілуде, күтілетін шығыстар 838,9 млн. теңгені құрайды.

2006 жылғы қорытындылар бойынша 26,77 млн. теңге сомасында таза кіріс алу күтілуде, оның 8,03 млн. теңгесі мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер төлеуге б а ғ ы т т а л а т ы н б о л а д ы .

2006 жылы Қоғам бюджетке 225,6 млн. теңге сомасында салық және басқа міндетті төлемдерді төлеуді жоспарлап отыр.

"Қазпочта" АҚ

"Қазпочта" АҚ (бұдан әрі - Қоғам) "Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнын және оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру

туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1940 қаулысына сәйкес Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнын қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылды.

Компанияның миссиясы Қазақстанның бүкіл аумағында жоғары сапалы деңгейдегі почта-жинақтау қызметтеріне еркін қол жетімділікті қамтамасыз етуден тұрады.

2004 жылдың қорытындылары бойынша Қоғам қабылдаған жазба хат-хабарлар саны 32,8 млн. бірлікті құрады, қабылданған сәлемдемелер саны 1,5 млн. бірлікті, жеткізілген мерзімді басылымдар - 156,9 млн. бірлікті құрады. 2005 жылы қабылданған жазба хат-хабарлар саны 41,6 млн. бірлікті құрады, бұл өткен жылдың деңгейінен 26,8%-ға жоғары. Қабылданған сәлемдемелердің саны - 1,8 млн. бірлік, бұл өткен жылғыдан 20,0%-ға жоғары, мерзімді басылымдар - 162,3 млн. бірлік, бұл өткен жылдың деңгейінен 3,4%-ға жоғары. Ақшалай төлемдердің көлемі 2004 жылмен салыстырғанда 26,7%-ға ұлғайды және 198,1 млрд. теңгені құрады.

2006 жылы шығыс ақылы айналым көлемінің 2005 жылдың деңгейіне қарағанда 6,1%-ға, ақшалай төлемдердің көлемі 6,5%-ға өсуі күтілуде.

Ақылы алмасу көлемінің құрылымы былай сипатталады: мерзімді басылымдарға жазылу және сату - 81,9%-ға, жазба хат-хабарлар - 17,1%, сәлемдемелер - 0,8%, жедел почта қызметтері - 0,2%.

Ақшалай төлемдердің көлемінде зейнетақылар және жәрдемақылар 73,7%-ды, еңбекақы - 22,5%-ды, ақшалай аударымдар - 3,8%-ды құрайды.

2005 жылы агенттікте қызметтердің мынадай түрлерін енгізу жалғасты:

екінші деңгейдегі банктердің агенті ретінде тұтынушылық несиелеу және ұялы байланыс қызметіне төлемдер қабылдау.

2004-2005 жылдар кезеңінде жалпы сомасы 7,9 млрд. теңгеден астам тұтынушылық несие берілді, несие алушылар саны 40 мың адамға жетті; ұялы байланысқа төлемдер 6,4 млн. теңгеден көп сомада қабылданды.

Қаржы-шаруашылық қызмет қорытындылары бойынша 2004 жылы Қоғамның кірісі 7 111,0 млн. теңгені, 2005 жылы 2004 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 27,8%-ға өсіп, 9 087,9 млн. теңгені құрады. 2004 жылы шығыстар 6952,6 млн. теңгені, 2005 жылы - 8914,8 млн. теңгені құрады, нәтижесінде 2005 жылы Қоғамның таза кірісі 173,15 млн. теңге деңгейіне жетті, бұл 2004 жылдың көрсеткіштерінен 9,0%-ға жоғары.

2006 жылы кірістер 9673,11 млн. теңге, шығыстар - 9483,01 млн. теңге, таза кіріс - 190,10 млн. теңге деңгейінде күтілуде, бұл 2005 жылмен салыстырғанда 9,8%-ға немесе 16,95 млн. теңгеге өседі.

"Қазақтелеком" АҚ

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Компания) "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясы "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы N 666 қаулысына сәйкес мемлекеттік өңірлік және мамандандырылған телекоммуникация кәсіпорындарының мүлкін Республиканың бүкіл аумағында кең ауқымды байланыс қызметтерінің көрсететін акционерлік қоғамның жарғылық қорына беру жолымен құрылды.

Компанияның бағалауы бойынша 2005 жылмен салыстырғанда 2006 жылы өсті және 260 млрд. теңгеден асады. Нарық құрылымының өзгеруі ұялы байланыс нарығы үлесінің өсуі есебінен болады, оның үлес салмағы телекоммуникациялық нарық көлемінің 40,5%-ын құрайды.

Телекоммуникациялар нарығындағы Компанияның үлесі 2005 жылы 2004 жылғы 50%-дан 2005 жылы 48%-ға дейін төмендеді.

Жергілікті байланыс нарығындағы Компанияның үлесі 2005 жылы 95%, қалааралық - 90%, ТМД елдерімен халықаралық - 84%, алыс шетелдермен - 74% деп бағаланады. Деректер беру нарығындағы Компания үлесінің бағасы 60 %-ды, Интернет жүйесінде 61%-ды құрайды.

Нарықтың жоғары үлесі көбінесе тарихи қалыптасқан клиенттік қормен түсіндіріледі. Кейбір жергілікті нарықтарда және корпорациялық клиенттер нарығында Компанияның үлесі анағұрлым төмен.

Компанияның жиынтық кірісі 2004 жылы - 95238 млн. теңге, 2005 жылы - 118231 млн. теңге, 2006 жылы жиынтық кірісті 115973 млн. теңге мөлшерінде алу жоспарлануда.

Жиынтық шығыс мынадай түрде қалыптасты: 2004 жыл - 68 316 млн. теңге, 2005 жыл - 83 808 млн. теңге, және 2006 жылы - 86 578 млн. теңге.

Таза кірістің мөлшері 2004 жылы 26 917,6 млн. теңгені құрады. 2004 жылдың қорытындылары бойынша мемлекет бюджетіне мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер 2451,7 млн. теңге сомасында төленді. 2004 жылы мемлекеттік бюджетке төленген салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің мөлшері 19 384 млн. теңгені құрады.

2005 жылы Компанияның таза кірісі 33982,3 млн. теңгені құрады. 2005 жылдың қорытындылары бойынша мемлекет бюджетіне мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер 3095, 2 млн. теңге сомасында төленді. 2005 жылы мемлекеттік бюджетке төленген салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің мөлшері 23 093,4 млн. теңгені құрады.

2006 жылдың таза кірісінің мөлшері 29 394,8 млн. теңге деңгейінде бағаланады. 2006 жылы мемлекеттік бюджетке төлеуге жоспарланған салықтар мен басқа төлемдердің мөлшері 23 190,4 млн. теңгені құрайды.

"Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ

"Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ-тың (бұдан әрі - Компания) тасымалдау процесінде темір жол саласының функционалдық тұтастығын және ыңғайлы басқарылуын қамтамасыз етуге негізделген холдингтік құрылымы бар. Қазақстанда темір жол саласын реформалау 1997 жылы құрылған "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрамында қазақстандық үш темір жолды біріктірумен және оның құрамында бір мезгілде алты жол басқармасын құрумен басталды.

Тасымалдауға ұсынылатын негізгі тауар өнімдері астық, мұнай, кен, минералдық тыңайтқыштар және т.б. сияқты жаппай үйме және құймалы жүктер болып табылады.

2004 жылы жүк айналымы 163 420 млн. т-км құрады, бұл жүк тиеу көлемінің өсімі есебінен 2003 жылғы деңгейден 10,7% асады.

Компанияның жиынтық кірісі 2004-2006 жылдар бойынша мынадай түрде қалыптасты: 2004 жыл - 248 925 млн. теңге, 2005 жыл - 259 847,22 млн. теңге, 2006 жыл - 316 274,21 млн. теңге.

Компанияның жиынтық шығысы 2004 жылы 237 452 млн. теңгені, 2005 жылы - 263 028,05 млн. теңгені, 2006 жылы - 316 274,21 млн. теңгені құрады.

Компанияның 2004 жылы алған таза кірісі 11 472 млн. теңгені құрады. Мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер 1147 млн. теңге құрады. 2004 жылдың қорытындылары бойынша бюджетке 16 272,7 млн. теңге салықтар мен басқа да төлемдер төленді.

2005 жылдың қорытындылары бойынша Компания 31 80,8 млн. теңге зиян шекті. 2005 жылы бюджетке 13 435 млн. теңге салықтар мен басқа да міндетті төлемдер төленді.

Компанияның 2006 жылғы жиынтық кірісі мен жиынтық шығысы 316 274,2 млн. теңге деңгейінде жоспарлануда. 2006 жылдың қорытындылары бойынша бюджетке 17 070 млн. теңге сомасында салықтар мен басқа да міндетті төлемдер аудару жоспарлануда.

"Қазақстан инжиниринг" ҰК" ААҚ

Машина жасау саласындағы қызметті жүзеге асыратын "Қазақстан инжиниринг" ҰК" АҚ (бұдан әрі - Компания) "Қазақстан Республикасы қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы N 244 қаулысының негізінде жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен құрылды.

Қазіргі уақытта Компанияның кәсіпорындары елдің отын-энергетика, көлік, ақпараттық-телекоммуникация секторлары үшін өнім шығаруды игерді. Шығарылатын өнім мен көрсетілетін қызметтер номенклатурасы өндіріс құрылысы елеулі дәрежеде бұрынғы қорғаныс-өнеркәсіп кешенінен мұраға қалған болып табылады және қосалқы

бөлшектер мен жинақтауыштар өндірісі, техникалар мен жабдықтарды ағымдағы және күрделі жөндеу басым еліміздің дамып келе жатқан экономикасының қажеттіліктеріне сай келмейді.

2004 жылы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда Компания қызметінің қаржылық көрсеткіштерінің жақсаруында оң үрдістер байқалды.

Қаржылық есептілік деректері бойынша ("Делойт и Туш" ЖШС тәуелсіз аудиторы куәландырған) 2004 жылды Компания 351,00 млн. теңге сомасында оң қаржылық нәтижесімен аяқтады, ал өткен жылдың сәйкес кезеңінде Компанияның зияны 529,40 млн. теңгені құраған болатын.

2004 жылы бас Компания сияқты оның құрамына кіретін кәсіпорындардың көпшілігі залал шекпейтін деңгейге шықты.

Негізгі қаржылық көрсеткіштің едәуір жақсаруы 2003 жылға қарағанда 2004 жылы шығарылған және өткізілген өнім көлемінің ұлғаюымен байланысты, бұл өз кезегінде кәсіпорындар шығаратын өнімдерді өткізу нарығын іздестіру жөнінде Компания жүргізген жұмыстың нәтижесі болып табылады.

Компанияның жалпы кірісі 2004 жылы 7817,49 млн. теңгені құрады, осы көрсеткіштің 2003 жылдың параметрлеріне ұлғаюы (4274,84 млн. теңге) 83 % құрады.

Кірістердің едәуір өсуі негізінен дайын өнімді (қызметтерді) сату көлемінің өсуімен негізделген. Компания жүргізген жұмыстың нәтижесі болып табылады.

2004 жылғы жалпы шығыс 7466,48 млн. теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткішінен 2514,7 млн. теңгеге немесе 52% асады. Шығыстар өсімі негізінен өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты.

2004 жылы Компания бюджетке 1282,69 млн. теңге мөлшерінде салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді аударды.

2004 жылдың қорытындылары бойынша мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер 31,85 млн. теңге мөлшерінде төленді.

Есепті 2005 жылды компания сондай-ақ 96,90 млн. теңге мөлшерінде оң қаржы нәтижесімен аяқтады. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда Компанияның таза кірісі 254,11 млн. теңгеге қысқарды. 2005 жылы Компания мемлекеттік акциялар пакетіне 0,99 млн. теңге төлеуді жоспарлап отыр.

2005 жылдың қорытындылары бойынша Компанияның жалпы кірісі 1091,28 млн. теңгені құрады, бұл 2004 жылдың көрсеткішінен (7817,49 млн. теңге) 3173,79 мың теңгеге асады. Осылайша, кірістер өсімінің қарқыны көрсетілген кезеңде 41% құрады.

Кірістердің өсуі негізінен дайын өнімді (қызметтерді) сату көлемінің өсуімен негізделген.

Компанияның жалпы шығыстары 10 894,38 млн. теңге құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен (7466,48 млн. теңге) 3427,90 мың теңгеге немесе 46% асып түседі, Шығыстар өсімі негізінен өнімді өткізу көлемінің ұлғаюына байланысты.

2005 жылғы салықтар мен басқа да міндетті төлемдер сомасы 1572,77 млн. теңгені құрады.

Компанияның 2006 жылға арналған бюджетіне сәйкес кәсіпорындар шығарған өнім 8756,41 млн. теңгені құрайды, бұл алдындағы жылмен салыстырғанда 30% өсім құрайтын болады. Бұл өсім шығарылатын өнім номенклатурасын кеңейтуге және "КАМАЗ-Инжиниринг" ЖШС-та жинау өндірісін ұйымдастыруға байланысты болды.

Өндірістің осы көлемінде күтілетін таза кіріс 1040,26 млн. теңгені құрайды, бұл алдындағы жылдың деңгейінен (96,90 млн. теңге) 10,7 есе асып түседі. Таза кірістің күрт көтерілуі "(С.М. Киров атындағы машзавод" АҚ кәсіпорынның "Ұлан" АҰАҚ-ғы (992,33 млн. теңге) іске асыру, сондай-ақ кәсіпорындағы тоқтап тұрған ғимараттар мен жабдықтарды іске асыру нәтижесінде алуды жоспарлап отырған негізгі емес қызметтен түсетін кірістердің ауқымды көлеміне байланысты болуда.

Тұтастай алғанда Компанияның 2006 жылы күтіп отырған кірістері 12 254,32 млн. теңгені құрайды. Алдыңғы жылмен салыстырғанда осы көрсеткіштің өсімі 11,5 % жоспарланып отыр, бұл өткізілген өнім көлемінің ұлғаюына байланысты болуда.

Компанияның шығыстары 11 214,06 млн. теңгені құрайды.

2006 жылы Компания бюджетке 1460,92 млн. теңге мөлшерінде салықтар мен басқа да төлемдер төлеуді жоспарлауда.

2006 жылдың қорытындылары бойынша Компания мемлекеттік акциялар пакетіне 15,44 млн. теңге мөлшерінде дивидендтер төлеуді жоспарлап отыр.

"Астана халықаралық әуежайы" АҚ

"Астана халықаралық әуежайы" АҚ-тың (бұдан әрі - Қоғам) миссиясы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес әуе кемелеріне және жолаушыларға, почта мен жүктерге үлгілі, қауіпсіз және тұрақты қызмет көрсетуді қамтамасыз етуден тұрады.

Әуежайдың өндірістік қызметі әуежай арқылы қозғалыс көлемінің екі негізгі көрсеткіші негізінде қаралған: қызмет көрсетілетін рейстер мен қызмет көрсетілетін жолаушылардың саны бойынша.

Қызмет көрсетілген рейстер санының даму үрдісі, алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 2004 жылы 15%-ға және 2005 жылы 25%-ға өсумен сипатталады. Тиісінше қызмет көрсетілген жолаушылардың саны да 25 %-ға және 33 %-ға өсті. Көрсетілген көрсеткіштер жөніндегі орташа тәуліктік деректер 2004 жылы - әуе кемелерінің 36 ұшып-қонуын және қызмет көрсетілген 1366 жолаушыларды, 2005 жылы - тиісінше 45 және 1801 құрады.

Осы үрдістің анықтаушы факторы қазіргі бағыттарда рейстер жиілігін арттыру мен жаңа бағыттарды ашу болып табылады. 2004-2005 жылдары Астана қаласының әуежайында қызмет көрсетілген рейстер мен жолаушылардың жалпы көлемінде ішкі

авиатасымалдар негізгі үлесте (70%) құрайтынын атап өткен жөн, бұл Қазақстанның барлық ірі қалаларының елордамен байланысын қамтамасыз ету үшін ішкі әуе желілерінің жүйесін кеңейтуге байланысты.

Әуежайдағы өндіріс көлемі өсуінің жалпы оң үрдісі қаржылық көрсеткіштер үрдісіне де әсер етті.

Астана қаласы әуежайының кірісі 2005 жылы 5142,27 млн. теңгені құрады, бұл 2004 жылдың жоспары деңгейінен 16%-ға (710 млн. теңгеге) және деңгейінен 30 %-ға артты.

Қоғамның 2005 жылғы операциялық қызметінің кірісі жоспардан 21%-ға (734 млн. теңгеге) артуымен сипатталады. 31% әуежайлық қызметтер ұсынудан алынған кірістер операциялық қызмет кірісі өсімінің негізгі факторы болды.

2005 жылы әуежайдың шығыстары 4 742,92 млн. теңгені құрады, 2004 жылдың жоспары деңгейінен 16%-ға (670 млн.теңгеге) және деңгейінен 45%-ға артты.

2004 жылдың деңгейіне шығыстардың ұлғаюына жаңа әуежайдың пайдалануға берілуіне байланысты пайдалануға беру шығыстарына шығындардың ұлғаюы себеп болды, соның ішінде:

- коммуналдық қызметтерге - 74 %-ға (55 млн. теңгеге);
- ғимараттарды ұстап тұруға - 34 % (15 млн. теңгеге);
- мүлік салығы бойынша 37 %-ға (22 млн. теңгеге).

Қоғамның 2005 жылғы қызмет қорытындылары оң қаржылық нәтижемен сипатталады және 399,36 млн. теңгені құрайды. Салық салынғаннан кейінгі таза кіріс 384,08 млн. теңгеге бағалануда.

2004-2005 жылдардағы бюджетке салықтар мен басқа төлемдер сомасы жылдар бойынша тиісінше 556,5 теңгені және 750,4 млн. теңгені құрады.

2005 жылы бюджетке негізгі төлемдердің барлық сомасы 2004 жылмен салыстырғанда 34,8%-ға ұлғайды. Төлемдердің едәуір ұлғаюы былайша түсіндіріледі:

- мүлік салығы сомасының 28%-ға ұлғаюы қайта жаңартылған ұшу-қону алаңының пайдалануға берілуіне байланысты;

- корпоративті табыс салығы бойынша төлемдердің 4 еседен астам (62,7 млн. теңгеге) ұлғаюы 2002 жылмен салыстырғанда 2003 жыл қорытындылары бойынша алынған табыстың ұлғаюына байланысты;

- қызметкерлердің 2004 жылы орташа жалақыларының өсуіне байланысты жеке табыс салығы бойынша төлемдердің 2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылы 48%-ға (9,2 млн. теңгеге) ұлғайғаны байқалуда.

Директорлар кеңесінің және акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен 2003 жылдың қорытындылары бойынша алынған Қоғамның таза кірісі толық көлемінде кредиттік міндеттемелерді өтеуге, ал 2004 жылдың қорытындылары бойынша - кредиттік міндеттемелерді өтеу мен негізгі жабдықты сатып алуға бағытталды.

2006 жылдың өндірістік көрсеткіштері шамамен 17130 қызмет көрсетілген рейстер мен 706 825 қызмет көрсетілген жолаушыларды құрайды, бұрынғы жоспарланған

рейстер деңгейін 3,2%-ға (540 рейске) және қызмет көрсетілген жолаушыларды 8%-ға (49 275 жолаушыға) арттырады. Бұл үрдіс рейстер жиілігінің ұлғаюына және олардың коммерциялық тиелімі дәрежесіне байланысты.

Астана қаласы әуежайының кірістері 2006 жылы 9 015,71 млн. теңге сомасын құрайды, бұл 2005 жылғы деңгейден 75,3%-ға немесе 3873,4 млн. теңгеге артады.

Әуежайдың шығыстары 2006 жылы 10 223,97 млн. теңгені құрайды, бұл 2005 жылғы деңгейден 115,6 %-ға (5481,0 млн. теңгеге) артады.

Шығыстар өсімінің негізгі себебі өткізу үшін сатып алынған материалдар құнының 37,6%-ға (597 млн. теңгеге) артуынан болып табылады.

Алдын ала бағалау бойынша Қоғамның 2006 жылғы қызметінің қорытындыларында 1208,26 млн. теңге сомасында зиян жоспарлануда.

"Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" АҚ

"Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" акционерлік қоғамы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) "KEGOC" АҚ (бұдан әрі - Компания) Қазақстан Республикасының энергетика жүйесін басқаруды құрылымдық қайта құру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі N 1188 қаулысына сәйкес құрылды.

Компанияның миссиясы - Қазақстан Республикасының бірыңғай энергетика жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік саясат шеңберінде қазіргі заманғы техникалық, экономикалық, экологиялық талаптарға сай келетін Ұлттық энергетика желісін (бұдан әрі - ҰЗЖ) сенімді басқаруды жүзеге асыру.

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес компания өңіраралық деңгейдегі тораптар бойынша электр энергиясын беру және Электр энергиясын желіге босатуды техникалық диспетчерлеу мен электр қуатын тұтыну жөніндегі қызметтерді жеткізуші ретінде Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілді.

2004 жылы Компания 32,80 млрд. кВт.с. көлемінде электр энергиясын беру жөнінде қызметтер көрсетті, 2003 жылмен салыстырғанда өсу 22%-ды құрайды. Беру көлемінің айтарлықтай ұлғаюының негізгі себебі "Қырғызстан-Қазақстан-Қырғызстан" қоғамының желілері арқылы электр энергиясының транзитіне шарт жасасу болды.

2005 жылы Компанияның желілері бойынша электр энергиясын беру көлемі 31,40 млрд. кВт.с. мөлшерінде бағаланып отыр, бұл 2004 жылдың көрсеткішінен 4,3%-ға төмен және негізінен, Екібастұз МАЭС-2-ден электр энергиясын экспорттық жеткізу көлемінің азаюына байланысты.

2006 жылы Компанияның желілері бойынша электр энергиясын беру көлемі 30,40 млрд. кВт.с. мөлшерінде бағаланып отыр, бұл 2005 жылдың көрсеткішінен 3,3 %-ға

төмен. Бұл ретте, ұсынылған жеңілдіктерді ескере отырып электр қуатын беру жөніндегі қызметтер көлемі 2005 жылмен салыстырғанда 1,9 %-ға ұлғаятын болады.

Компанияның негізгі қызметінің кірістері 2004 жылы 16835,70 млн. теңгені (2003 жылғы деңгейден 6,9%-ға жоғары), 2005 жылы - 18904,90 млн. теңгені (2004 жыл көрсеткішінен 12,3%-ға жоғары) құрады. Компанияның 2005 жылғы кірістерінің өсімі 2005 жылғы 1 сәуірден бастап қызметтердің реттелетін түрлеріне жаңа тарифтер енгізілуіне, электр қуатын жеткізудің орташа ұзақтығының ұлғаюына және электр қуатын реттеу жөніндегі қызметтер көлемінің көбеюіне байланысты.

2006 жылы негізгі қызметтен түсетін кірістер 20 968,4 млн. теңге мөлшерінде бағаланып отыр.

2004 жылы Компанияның негізгі қызмет бойынша шығыстары 14 958,5 млн. теңге мөлшерінде қалыптасты. 2005 жылы Компанияның негізгі қызмет бойынша шығыстары 17 250,7 млн. теңгені құрады немесе 2004 жылдың көрсеткішінен 15,3 %-ға жоғары, ал 2006 жылы - 20 222,7 млн. теңге (2005 жылғыдан 16,0 %-ға жоғары). Негізгі қызмет бойынша шығыстардың өсуі, негізінен, негізгі құралдардың қолданысқа енгізілуімен негізделген амортизациялық аударымдардың және мүлік салығының ұлғаюына, ағымдағы шығыстарға жатқызылатын кредиттер бойынша пайыздардың ұлғаюына байланысты, бұл да Қазақстанның Ұлттық электр желісін жаңғырту жобасы бойынша негізгі құралдардың енгізілуіне байланысты. Бұдан басқа, 2005 жылы Қоғам комиссияларды, сондай-ақ кредиттік шарттарға қол қоюға байланысты басқа да шығыстарды соған сәйкес төлейтін "Қазақстанның Солтүстігі-Оңтүстігі" транзитінің 500 кВ екінші электр беру желісін салу" жобасын іске асыру шеңберінде Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкімен (бұдан әрі - ХҚДБ), Еуропа Қайта Құру және Даму Банкімен (бұдан әрі - ЕҚКДБ) және Қазақстанның Даму Банкімен кредиттік келісімдер жасау жоспарланып отыр.

2004 жылы Компанияның таза пайдасы 1191,00 млн. теңгені құрады. 2005 жыл қорытындылары бойынша Компанияның таза пайдасы 8,80 млн. теңгені құрады. 2006 жыл қорытындылары бойынша Компанияның таза пайдасы 130,00 млн. теңге мөлшерінде бағаланып отыр. 2004 жылмен салыстырғанда 2005 және 2006 жылдары таза пайданың азаюы ағымдағы шығыстарға жатқызылатын жобалар бойынша тартылған кредиттерге қызмет көрсету жөніндегі, сондай-ақ компанияның Астана қаласына көшірілген қызметкерлеріне тұрғын үй сатумен байланысты шығындардың едәуір ұлғаюына байланысты. Бұдан басқа, 2005 жыл қорытындылары бойынша компанияның қаржылық нәтижесіне бағамдық айырмадан зиянды есептеу әсер етті.

Қазақстанның бүкіл энергия жүйесінің жұмыс істеуінің сенімділігі мен тиімділігін арттыру мақсатында Компания ХҚДБ мен ЕҚДБ-ның қарыз қаражатын тарта отырып, "Қазақстан Республикасының Ұлттық энергия желісін жаңғырту" жобасын іске асыруда. Жобаның жалпы құны 43,8 млрд. теңге. Жобаның іске асырылуы кезеңінде жаңа буын жоғары вольтті коммутациялық аппараттар мен әлемдік жетекші өндірушілердің басқа

электр техникалық жабдықтарын енгізу базасында Ұлттық электр желісін техникалық қайта қаруландыруға бағытталған 77,7% қаражат игерілді.

2004 жылы Компания "Қазақстанның Солтүстігі-Оңтүстігі" транзитінің 500 кВ екінші электр беру желісін салу" жобасын іске асыру жөніндегі жұмысты бастады, жобаның жалпы құны шамамен 41,4 млрд. теңгені құрайды. Жобаны іске асырудан бастап жобаның құнынан шамамен 7 % игерілді.

Құрылыс шамамен 326 млн. АҚШ доллары сомасына дейін халықаралық және қазақстандық даму институттарының қарыз қаражатын тарту есебінен жүзеге асырылады:

мемлекеттік кепілдікпен берілген ХҚДБ қарызы 100 АҚШ доллары;

ЕҚДБ синдикатталған қарызы - 147,8 млн. АҚШ доллары;

"Қазақстанның Даму Банкі" АҚ қарызы - 21 млн. АҚШ доллары және 6,97 млрд. теңге.

Сондай-ақ Компания "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық ЭБЖ салу " Жобасын іске асыруға қатысады.

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі және "Батыс Транзит" АҚ арасында мемлекеттік-жеке серіктестіктер базасында концессиялық келісім жасалды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 қазандағы N 1008 қаулысына сәйкес Компания "Батыс транзит" АҚ акционерлерінің бірі бола отырып (жарғылық капиталдың 20% мөлшерінде), жобаны іске асыруға қатысады.

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 2006 жылғы сәуірде енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес концессиялық келісімдер негізінде салынған кернеуі 220 кВ және одан жоғары өңіраралық электр беру желілері, шағын станциялар мен тарату құрылғылары осы келісімдердің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін ұлттық электр желісі құрамына беріледі.

Дивидендтік саясатқа сәйкес Компания жыл сайын акциялардың мемлекеттік пакетіне таза пайдадан 10% дивидендтер төлеп тұрды.

2004 жылы Компанияның инвестициялар мөлшері 10,9 млрд. теңгені құрады, 2005 жылы - 11,8 млрд. теңге, 2006 жылы 11,0 млрд. теңгені игеру жоспарланып отыр.

"Қазақ ақпарат агенттігі" ҰК" АҚ

"Қазақпарат" АҚ (бұдан әрі - Компания) "Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Қазақ ақпарат агенттігі" республикалық қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 қарашадағы N 1186 қаулысына сәйкес құрылды.

2004 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 2005 жылы кірістердің 207,5 млн. теңгеге дейін, яғни 75,83 млн. теңгеге немесе 57 %-ға, соның ішінде негізгі қызмет түрі

бойынша 77,97 млн. теңгеге немесе 60,2 %-ға ұлғаюы байқалды. Бұл өсу, бірінші кезекте, мемлекеттік тапсырыс көлемінің ұлғаюымен және оның сапасының жоғарылауымен, өткізу нарықтарының кеңеюімен, өнім желісінің жаңғыруымен негізделген. 2006 жылы Компания кірістері 227,8 млн. теңгені құрайды, бұл ретте мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің веб-сайтын ақпараттық сүйемелдеу шеңберінде бөлінетін республикалық бюджет қаражаты негізгі кіріс көздері болып табылатынын атап өткен жөн.

Шығыстар құрылымында өндірілетін өнімнің 2004 жылы 79,53 млн. теңге және 2005 жылы 156,06 млн. теңге құраған өзіндік құны басым. Өткізілген қызметтердің өзіндік құнының үлес салмағы 75 %-дан астамды құрайды. 2004 жыл кезеңінің шығыстары 49,72 млн. теңгені және 2005 жылы 46,94 млн. теңгені құрады. 2006 жылы Компания шығыстары 120,70 млн. теңгеге жоспарланып отыр.

2004 жылы өндірістік-қаржылық қызмет нәтижесінде Компанияның таза кірісі 1,97 млн. теңгені құрады. Өткен жылдардағы шығын есебімен (-8, 643 млн. теңге) шығын 6,67 млн. теңгені құрады.

Компания 2005 жылы 6,17 млн. теңге мөлшерінде зиян шекті. 2006 жылдың қорытындылары бойынша 2,83 млн. теңге мөлшерінде таза кіріс алу көзделіп отыр.

2004 жылы салықтық аударымдар 11,28 млн. теңгені, 2005 жылы 45,12 млн. теңгені құрады.

"Қазғарыш" АҚ

Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" АҚ (бұдан әрі - Компания) Қазақстан Республикасы Президентінің "2005 - 2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту туралы" 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығы мен "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 наурыздағы N 242 қаулысына сәйкес құрылды.

Компанияның миссиясы - Қазақстан Республикасының экономикалық өсуін, ғылыми-техникалық дамуын қамтамасыз ету және ұлттық қауіпсіздігін нығайту мақсатында қолда бар ғылыми-техникалық әлеуеті мен қазіргі ғарыштық технологияларды пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық ғарыш инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытуға, ғарыштық қызметті дамытуға ықпал ету.

Компания өзінің қызметін жүзеге асыруды 2005 жылы бастады. Осы кезеңде маңызды экономикалық көрсеткіштер былайша қалыптасты. Компанияның 2005 жылғы жалпы кірістері 708 442 мың теңгені, жалпы шығыстар - 708 902 мың теңгені құрады. Компанияның 2005 жылғы шығыны 460 мың теңгені құрады.

Компанияның 2006 жылғы жалпы кірісі 2 140 072 мың теңге, жалпы шығыстар - 2 104 631 мың теңге мөлшерінде жоспарланып отыр. 2006 жылы Компания 35 440 мың теңге мөлшерінде таза кіріс алуды жоспарлап отыр.

Акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтерді төлеу жоспарланып отырған жоқ.

2007-2009 жылдарға арналған перспективалар

"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ

"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ (бұдан әрі - Компания) өз алдына мынадай ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарды қояды:

- 1) қаржы-экономикалық көрсеткіштерді жақсарту;
- 2) қорларды өсіру;
- 3) өндірісті өсіру;
- 4) ірі мұнай-газ жобаларының экономикалық тиімділігін арттыру;
- 5) көлік мүмкіндіктерін дамыту;
- 6) мұнай-химияны дамытуға жәрдемдесу;
- 7) басқару жүйесін жетілдіру.

2007 - 2009 жылдар кезеңінде Компанияның мұнай өндіруші кәсіпорындарының өндірістік қуаттарын дамыту жер үсті объектілерін салуға, қайта жаңартуға және жаңғырту, сенімді әрі өнімділігі жоғары жер асты жабдығын қолдануға, компьютерлік геологиялық модельдер негізінде кен орындарын игеруді бақылаудың тиімділігі жоғары жүйесін құруға келіп тіреледі.

2007 - 2009 жылдар кезеңінде мұнай өндірудің жыл сайынғы көлемі 9,5 млн. тонна деңгейінде сақталады. 2007 - 2009 жылдар кезеңінде мұнай өндірудің есепті өсу қарқыны геологиялық-кәсіпшілік зерттеу деректері мен Өзен кен орнын игерудің ағымдағы жай-күйіне негізделеді.

Магистральдық мұнай құбырларымен 2007 жылы 44,4 млн. тонна, 2008 жылы - 46,7 млн. тонна, 2009 жылы - 47,8 млн. тонна деңгейінде мұнай тасымалдау жоспарланып отыр. Мұнай тасымалдаудың жоспарланып отырған көлемі нарықтық жағдайлар конъюнктурасы мен көлік жүйелерінің өткізу қабілетін есепке ала отырып, Республикада мұнай өндірудің болжамды деңгейі негізінде айқындалған.

Магистральдық газ құбырлары арқылы 2007 жылы 122,5 млрд. текше м., 2008 жылы - 123,7 млрд. текше м., 2009 жылы - 124,4 млрд. текше м. деңгейінде табиғи газ тасымалдау жоспарланып отыр.

Ішкі нарықта газ өткізу көлемі 2007 жылы 2,4 млрд. текше м., 2008 жылы - 2,3 млрд. текше м., 2009 жылы - 2,3 млрд. текше м. деңгейінде жоспарланып отыр. 2009 жылы - 3,9 млн. тонна деңгейінде жоспарланып отыр.

Компания кірістерінің болжамды көрсеткіштері 2007 жылы 650,99 млрд. теңге, 2008 жылы - 682,51 млрд. теңге, 2009 жылы - 676,18 млрд. теңге деңгейінде жоспарланып отыр.

2007 - 2009 жылдар кезеңінде шығыстардың көрсеткіштері мынадай деңгейде жоспарланып отыр: 2007 жылы - 416,22 млрд. теңге, 2008 жылы - 415,14 млрд. теңге, 2009 жылы - 416,98 млрд. теңге.

Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша Компания 2007-2009 жылдар кезеңінде мынадай мөлшерде таза кіріс алуды жоспарлап отыр: 2007 жылы - 99,13 млрд. теңге, 2008 жылы - 140,67 млрд. теңге және 2009 жылы - 135,85 млрд. теңге.

2007 - 2009 жылдар ішінде Компания мемлекеттік бюджетке ірі салық төлеушінің позициясын сақтайды. 2007 - 2009 жылдар кезеңінде бюджетке болжамды төлемдер 500,06 млн. теңге көлемінде жоспарланып отыр: 2007 жылы - 175,35 млн. теңге; 2008 жылы - 164,21 млн. теңге; 2009 жылы - 160,50 млн. теңге.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ

2007 - 2009 жылдары жоспарланып отырған кезеңге арналған кезеңде жаңа өндірістерді құру, негізгі құралдарды одан әрі жаңарту және әлемдік нарықтарда ұстанымын бекіту есебінен жұмыстың тұрақты және серпінді режиміне шығу басым міндет болып табылады.

2007 - 2009 жылдарға арналған өндірістік мүмкіндіктер мен әлемдік нарықтарда әрбір өнім бойынша сұранысын сараптай келе, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ (бұдан әрі - Компания) дамудың мынадай басымдықтарын айқындайды:

Табиғи уран өндірісінде:

1) қолданыстағы кен орындарында ("Шығыс Мыңқұдық", "Қанжуған", "Ақдала") уран өндіру көлемдерін өсіру;

2) "Ыңғай", "Мойынқұм", "Төртқұдық", "Заречное", "Иіркөл", "Қарасан", "Орталық Мыңқұдық", "Оңтүстік Ыңғай", "Батыс Мыңқұдық", "Буденовское" кен орындарында жаңа рудниктер салу;

3) табиғи уранның химиялық концентратын тотықша-тотыққа дейін қайта өңдеу жөніндегі қуаттарды дамыту;

4) Степногорск кен-химия комбинатында қуаты 80 мың тонна Күкірт қышқылы зауытын іске қосу.

Уран өнімін өндіруде:

1) құрамында уран бар материалдар мен қалпына келтірілген уранды ресейлік дизайндағы реакторларға арналған отын таблеткаларына дейін қайта өңдеу қызметтері бар ресейлік нарықтағы өз позициясын сақтау;

2) құрамында уран бар ашылуы қиын қайталама балқымаларды қайта өңдеудің әлемдік нарығындағы монополист позициясын сақтау;

3) табиғи байытылған, төмен байытылған, "әлсіз байытылған" уран диоксидінің ұнтақтарымен сыртқы нарықтарға шығу;

4) батыстық дизайндағы реакторларға арналған таблеткалармен әлемдік нарыққа шығу.

Бериллий өнімін өндіруде:

1) Қытай нарығына бастапқы бериллий өнімдерін жеткізуде жетекші позицияларға шығу;

2) АҚШ нарығындағы позицияны кеңейту;

3) Ресей нарығындағы монополиялық мәртебені сақтау;

4) Еуропа нарығындағы позицияларды нығайту және кеңейту.

Тантал-ниобий өнімін өндіруде:

1) өндірісті шикізатпен қамтамасыз ету;

2) жоғары технологиялық өнімдерді:

- сыйымдылығы жоғары тантал конденсаторлық ұнтақтарын;

- танталдан жасалған өнімнің жетілдірілген түрлерін шығару жөніндегі өндірістерді ұйымдастыру есебінен тантал өндірісі өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

2007 - 2009 жылдар кезеңінде мынадай мөлшерлерде:

2007 жылы - 17 191,70 млн. теңге;

2008 жылы - 26 476,29 млн. теңге;

2009 жылы - 36 773,97 млн. теңге таза кіріс алу жоспарланып отыр.

Бюджетке салықтар сомасы және басқа да міндетті төлемдер 2007 жылы 15 332,94 млн. теңгені, 2008 жылы - 18 859,89 млн. теңгені және 2009 жылы 23 876,64 млн. теңгені құрайды.

Инвестициялық басымдықтар және Компанияның өндіруші кәсіпорындарының даму бағыттары Қазақстан Республикасының уран кен орындарын одан әрі игеруге бағдарланған.

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ұлттық компаниясы" АҚ

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ұлттық компаниясы" АҚ-тың (бұдан әрі - компания) 2007 - 2009 жылдардағы қызметінің негізгі мақсаты елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, астық бағасы демпингінің алдын алу, астық өткізу нарықтарын кеңейту, мақтаны қайта өңдеу саласын дамыту, мақта талшығының бәсекеге қабілеттілігін арттырудан тұрады.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Компанияның алдында мынадай міндеттер тұр:

мемлекеттік астық ресурстарын сақтауды және жаңартуды қамтамасыз ету;

отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден жыл сайын астық сатып алуды жүзеге асыру;

